

ӨРЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
Акционерлік қоғамының филиалы
«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»


ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№ 5 2024 ЖЫЛ



Құрметті әріптестер!

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамының филиалы «Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институты» «Хабаршы» Республикалық ғылыми – әдістемелік журналының 2024 жылғы №5 санын Атырау облыстық Білім беру басқармасының облыстық арнайы мектеп-интернатына арнайы шығарылым ретінде жариялады. Мектеп педагогтерінің шығармашылық, зерттеу жұмыстары әріптестеріне құнды тәжірибе болады деп сенеміз!





№5
2024

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институтының

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

Республикалық ғылыми – әдістемелік журналы
Журнал 2013 жылдан бастап екі айда бір рет шығарылады

БАС РЕДАКТОР -

Даулетова Роза Қабышқызы -
«Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның
«Атырау облысы
бойынша Кәсіби даму
институты» филиалы директоры

Корректор –
Атолла Құралай Қайратқызы

Көркемдеуші және беттеуші -
Жеткерген Сара Алиқызы,
Тлемисов Турар Еркінбаевич

АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ

Идрисов Саламат Нұрмұханұлы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Хасанова Жамиля Садыковна - Атырау инженерлік - гуманитарлық институтының академиялық жұмыстар бойынша проректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Нагимов Шахман Нагимович - Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры.

Қылышбай Сүндетұлы – «Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты

Даулетова Роза Қабышқызы - «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның «Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы директоры.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылы мамырдың 30-да тіркеліп, №13648-Ж куәлігі берілген.
БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

060009 – Атырау қаласы, Авангард-4
ықшам ауданы,
Адмирал Лев Владимировский,
Тел: 8(7122) 20-08-34
Факс: 8 (7122) 58-63-45
Ресми сайт: www.orleu-atr.kz
Эл.пошта: orleu_baspa@mail.ru

Пішіні – А4
Әріп түрі Times New Roman
Шартты баспа табақ – 10,1
Мақала қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде қабылданады.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылады.
Қолжазба қайтарылмайды,
мақалаларға пікір жазылмайды.

Мазмұны

Тулепова Л.Ж. Алғы сөз	5
Білім ордасының қысқаша тарихы	7
Педагогтік ізденіс	
Зайдолла С.Б. Көру қабілеті зақымдалған оқушылардың білім сапасын арттыруда, Брайль жүйесінде оқыту, Брайль электронды-тактильді тренажерын қолданудың тиімділігі	19
Конкаева А.Б. Цифрландыру - бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт Цифрлық өзгерістер, мәселелер	22
Наренова Э.Ч. Сөйлеу тілін дамытуда әдіс - тәсілдер	25
Исаева А.И. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін түзету - дамыту жұмысында су терапиясының тиімділігі	27
Сабақ жоспарлары	
Аманғалиева Ф.Ж. Түстерді салыстыру, «жылы және салқын түстер»	31
Балапанова А Дидактикалық тапсырмалар жинағы	34
Болатқызы Ж. «Бақытты отбасы»	37
Бохаета Б.Б. «Бесік жыры»	40
Есенжанова А. Түстерді араластыру	44
Исабаева Ұ.Қ. «Менің Отбасым» [С с] дыбысын буында, сөзде, сөз тіркесінде машықтандыру	48
Канапина А.У. Тема урока: Глобус и карта	50
Карасаева Н.Т. Сабақтың тақырыбы: Қыс	58
Мағзомова Т. Сабақтың тақырыбы: Махамбет Өтемісұлы " Мен, мен, мен едім" өлеңі	60
Мәжікова Т.Ә. Сабақтың тақырыбы: 83-сабақ. Жыл мезгілдері, айлар, апта күндері	68
Мизам А.Р. Сабақтың тақырыбы: Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт» шығармасының тақырыбы мен идеясы	72
Нуржигитова К.Б. Стихотворение А. Кузнецовой «Времена года». Дифференциация звуков[С-Ш]	78
Тыныбаева Б.Б. Тема урока: Числовые и буквенные выражения.	84
Тулепова Ж.Ж. Көптік жалғау. [З-С] дыбыстары.	89
Жүсіпова Н.Н. Менің анам дәрігер. [С-Ш] дыбыстары.	94
Инирбаева Э.А. Сұрақ-жауап (Музыка 51 бет)	99
Сулеймен А.Н. TreasureMaps 1-2	103



Тулєпова Лаззат Жайшылыққызы

Атырау облыстық Білім беру
басқармасының облыстық арнайы
мектеп-интернат директоры,
педагог-зерттеуші санатты психолог,
жоғары санатты дефектолог,
Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің
Құрметті қызметкері»

АЛҒЫ СӨЗ

Мүгедектігі және дамуында бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында 1998 жылы «Облыстық көмекші мектеп» мемлекеттік мекемесі ашылды.

2003 жылы «Облыстық есту органы зақымдалған балаларға арналған арнайы (түзеу) мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі, 2017 жылы «Атырау облысы Білім беру басқармасының «Облыстық арнайы мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып атауы өзгертіліп, қайта құрылды. Бүгінде облыстық арнайы мектеп-интернатында көздері нашар көретін, көрмейтін, нашар еститін, естімейтін және психологиялық дамуы тежелген 140 оқушы білім-тәрбие алуда.

Мектеп-интернаттың материалдық базасы толығымен жаңартылып, заманауи жабдықталған физика, химия, биология, тарих, география, дене тәрбиесі, бейнелеу өнері, саз кабинеті және ұлдар мен қыз балаларға арналған технология пәні, логопед кабинеттері және көру қабілеті нашар жандарға арналған Брайль жаттықтырғыш құрылғылары жұмыс жасайды.

Бүгінгі таңда мектеп-интернатта 46 мұғалім, 9 арнайы маман, 11 тәрбиеші еңбек етуде. Мұғалімдердің 28% педагог-зерттеуші, 40% педагог-сарапшы, 25%, педагог-модератор, 7% педагог санатында болса, екінші «дефектология» (сурдопедагогика) мамандығы бар және қосымша мамандық бойынша қайта даярлаудан өткен мұғалімдер ұжымның 94%-ын құрайды. 2 мұғалім әдістемелік құрал авторы. Мектеп мұғалімдерінің арасында 2 Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, 4-і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет және Алғыс грамоталарымен марапатталған.

Облыстық арнайы мектеп-интернатында өзара ынтымақтастық келісім негізінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Психология және педагогика кафедрасының» филиалы жұмыс жасайды, онда студенттердің өндірістік тәжірибеден өту жұмыстары ұйымдастырылып, арнайы білім беру мәселелерін зерттейтін ғылыми зерттеулерге мұғалімдердің де қатынасуына мүмкіндіктер жасалуда.

Мектеп-интернат ұжымы жақсы істердің бастамасы, жаңашылдықтың жаршысы болып, елдің қоғамдық өміріне үлгі-өнегесімен танылып, оқушылардың өнері мен тәрбиелік тағылымымен көпшіліктің оң бағасын алып келеді. Ерекше білім алуы қажет оқушылардың түрлі байқаулардағы жұлделі жетістіктері мақтаныш етуге тұрарлық білім ошағына айналды. Атап айтқанда, 2023 жылы оқушы Құралова Айназ «ALMALY KZ» VIII Халықаралық балалар өнері фестивалында Гран-при жүлдесіне ие болса, «Жұлдыз-ай» республикалық байқауынан оқушы Сағын Ерасыл өз өнерімен дараланып, I орынға ие болды, оқушы Қайдар Жұлдыз осы «Жұлдыз-ай» республикалық байқауының III орын жеңімпаздары болды. Қазақстан Республикасы Туризм және Спорт



министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ұйымдастыруымен өткен парадзюдодан Алматы қаласында өткен республикалық чемпионатында 9 сынып оқушысы Құралова Айназ жүлделі орын ІІІ алып, ҚР-ның спорт шебері атағын алса, республикалық голболдан өткен сайыста 9 сынып оқушысы Қисмедін Данияр жүлделі ІІІ орын жеңімпазы атанды.

Биылғы оқу жылында Облыстық арнайы мектеп интернатының 25 жылдық мерейтойына орай «Жүрекке жылу, санаға білім сыйлаған ұлағат ұясына -25 жыл» атты жинақ шығарылды. Жинақта мектеп-интернат тарихы, осы жылдар аралығында еңбек еткен мектеп басшыларының қол жеткен табыстары мен сол кезеңдегі қиыншылықтарына баға беріліп, ерекше балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қызмет атқарған мейірбан да қамқор ұстаздар мен тәрбиешілердің, арнаулы мамандардың өмірі мен еңбек жолдары баяндалды.

Атырау облыстық Білім беру басқармасының облыстық арнайы мектеп-интернаты ұстаздарының оқушының икем - қабілетін шыңдап, өмірлік жолын көрсетіп, азамат етіп қалыптастыруға бағытталған, сабырлылық пен төзімділікке толы сауапты да мәртебелі қызметтеріне табыстар тілеймін!



БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Бала құқықтары туралы Конвенцияға 1994 жылдан бастап қосылған Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік тұрғыдан дамыған және құқықтық мемлекет ретінде көрсете отырып, мүгедектігі бар және дамуында бұзылыстары бар, баланың өмір сүріп тәрбиеленуіне қатысты ұлттық заңнамаларды жетілдіруде ауқымды істер атқарылды. Бұл бағытта елімізде «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдар қабылданды. Әрбір мемлекет қоғамында мүмкіндігі шектеулі балалар өмір сүріп, білім алып, тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Мүгедектігі бар және дамуында бұзылыстары бар мүмкінділігі шектеулі балалардың денсаулығын қадағалау дәрігерлердің қызметі болса, ал білім беру мен тәрбиені қатар ұйымдастыру білім беру ұйымдарының міндеті болып табылды.

XX ғасырдың 90-жылдарында елімізде жылдан жылға мүгедек балалар санының артуы, өңірімізде көру қабілетін

үнемі түзетуді қажет ететін, кейіннен үлкен әріптермен және арнайы оқыту әдістемесі бар арнайы оқулықтардан білім алуды қажет ететін балалардың болуы және естімейтін және нашар еститін оқушыларды өз бетімен өмір сүруіне жағдай жасау үшін мемлекет балаларды қамқорлыққа алып, денсаулықтары мен білім алуларына жағдай туғызу қажеттігі туындады. Осылайша дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасау, оларды тәрбиелеу, оқыту және олардың мүгедектігінің алдын алу мақсатында Атырау қаласында ерекше білім алуы қажет балаларға арналған мектеп-интернат ашу қажеттілігі туындады.

Осы қажеттіліктерге байланысты 1998 жылы Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Атырау облысының халыққа білім беру басқармасы және Атырау қаласының білім бөлімі мүгедектігі және дамуында бұзылыстары бар балаларға арналған «Облыстық көмекші мектеп» мемлекеттік мекемесін ашу туралы шешім қабылдады.

1998 жылдың тамыз айында жаңадан ашылған «Облыстық көмекші мектеп» мемлекеттік мекемесінің директоры болып іскер маман Лиана Витальевна Бузова тағайындалып, барлық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Алғашқыда 4 сынып болды, саңыраулар, көру қабілеті бұзылған балалар, нашар еститіндер және психикалық дамуы тежелген сыныптар ұйымдастырылды. 2003 жылы ғимараттың ішкі бөлігі күрделі жөндеу жұмыстары кезінде қайта өзгертіліп, сыныптарға сабақ өткізуге ыңғайластырылды. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу мекемесі арқылы қолдау туралы» заңын орындау мақсатында 2003 жылдың 11 желтоқсанында «Облыстық көмекші мектеп» мекемесі «Облыстық есту органы зақымданған балаларға арналған арнайы (түзеу) мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі болып атауы өзгертілді. Мектеп-интернат бойынша барлығы 7 сынып ашылды, 3 -есту қабілеті зақымдалған сыныптар, 1- саңыраулар сыныбы, 3- психикалық және сөйлеу тіл кемшіліктері бар балаларға арналған арнаулы сыныптар болды. Мекеме ғимараты Азаттық көшесі, 147Б мекенжайында, 1961 жылы салынған бұрынғы «Зорка» балабақшасының ғимараты.

2009-2011 жылдар аралығында мектеп-интернат басшылығына тәжірибелі ұстаз, білікті басшы Марденова Збида Марденқызы тағайындалды. Збида Марденқызы басшылық қызметін мектеп-интернаттағы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесінің тиімді жолдарын іздестіру мақсатында жақын аймақтардағы арнайы мектептердің озық тәжірибесін зерделеу ісін қолға алды. Мұғалімдер өз бастамаларымен тәжірибе алмасу, біліктіліктерін арттыру мақсатында Орал қаласындағы құлағы мүкіс балаларға арналған мектеп-интернатында болып, мұғалімдер мен мамандар жаңа ойлар мен жоспарлармен оралды. Мұндай өзара тиімді



ынтымақтастық барлық мұғалімдерімізге және балаларға да пайдалы болды. Оқушыларға берілетін эстетикалық бағыттағы тәрбие жұмыстарын жақсарту мақсатында мектеп жанынан «Шаттық» би тобын құрылды. Көркемөнерпаздар үйірмесі алғашқы да сынып, сыныпаралық, кейіннен мектеп бойынша ұйымдастырылды. Өнер үйірмесі би арқылы балалардың денсаулығының нығаюына, баланың жеке қабілетінің дамуына көп әсері болды, осы жұмыстарды ұйымдастырып, оқушыларды эстетикалық құндылыққа тәрбиелеу бағытында қызмет жасаған үйірме жетекшісі Елеусінов Исатай Михайлұлы аталған жұмыстарды үлкен жауапкершілікпен табысты атқара білді, ата-ана ілтипатына бөленді, оларға керекті барлық қажеттіліктерді мектеп әкімшілігінің қолдауымен демеушілер тауып, түрлі сайыстардағы жетістіктері арқылы халықаралық, республикалық және облыстық сайыстардың жеңімпазы атанды, нәтижесінде «Шаттық» би тобы арнайы мектеп- интернат ұжымын көпке танытты, бүгінде жұмыстар әлі жалғасып келеді.

2011жылдың қыркүйек айынан 2012 жылдың сәуірі аралығында мектеп-интернат басшылығына тәжірибелі басшы Ғали Ақсерік Құлжанұлы бекітілді. Ақсерік Құлжанұлы мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтып, оқу-тәрбие жұмыстарына жаңа озық технологияларды енгізуді қолға алды, ұжымды жас, білікті мамандармен толықтырды.

2012 жылдың сәуір айынан бастап «Облыстық есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы (түзеу) мектеп-интернаты» директоры болып облыстың білім беру саласының тәжірибелі маманы, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі Баймұханова Фатима Мусақызы директор болып тағайындалды. Фатима Мусақызы ерекше балалардың білім-тәрбие алуына, оқушылардың тұлға ретінде қалыптасып, өз бетінше өмір сүруге үйрету мақсатында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. 2017 жылдың 3 мамырында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы » бұйрығына сәйкес «Облыстық есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы (түзеу) мектеп-интернаты» атауы «Атырау облыстық білім беру басқармасының «Облыстық арнайы мектеп-интернаты» болып атауы өзгертілді.

Бұл жылдары мектеп-интернатта 42 оқушы болды. Ұжымның әрбір қызметкеріне ерекше балаларға шын жүреппен қамқорлық танытып, оларға түсіністікпен қарап, көмектесу керектігін басты назарда ұстады. Мұғалімдердің «дефектология» мамандығы бойынша қосымша білім алуы жұмыстарын ұйымдастырып, Орал қаласынан бір жылдық курс оқыту арқылы біліктілік арттыру жұмыстарын ұйымдастырды.

Ерекше балалардың білім-тәрбие алуына жағдай жасалып, Сенсорлық, химия, ағылшын, математика, қазақ тілі, «Монтессори» кабинеттерін жаңа құрал-жабдықтармен жабдықталды. Мектеп ауласына спорттық кешен жабдықтарын демеушілермен келісіп, балаларға сыйға берілді. Есту қабілеті зақымдалған балаларға құны қымбат тұратын есту аппараттарын сатып алуға көптеген кәсіпкерлерге демеушілік жұмыстарын ұйымдастырып, нәтижесінде 42 оқушы есту аппараттарына қол жеткізілді. Облыстағы көздері көрмейтін, нашар көретін балаларға арналған сыныптардың ашылу жұмыстары ұйымдастырылып, мектеп-интернаттан осы балаларға арналған арнайы сыныптар ашылды. Оқушылардың тегін, сапалы көзәйнектер тағуы үшін жеке кәсіпкерлерді демеушілікке тарту арқылы жекеленген оқушыларға көзәйнектерді алып беріліп, оқушылар мен ата-аналардың ризашылығына бөленді. Оқушылар құрамындағы өзгерістерге байланысты мектептің атауы Облыстық білім беру басқармасының келісімімен, өзгертілді. Мектеп-интернаттың материалдық базасын жақсарту бағытында көптеген жұмыстар ұйымдастырылып, ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, білім-тәрбие алуда балаларға жақсы жағдайлар жасалды. Оқушыларды түрлі шараларға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында оқушыларды тасымалдау үшін жаңа автобус алынды. Бірнеше рет Облыстық білім беру басқармасымен бірлесіп тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар ұйымдастырылды. Ф.М. Баймұханова басшылық жасаған жылдары педагогикалық ұжым мүшелерінің құқықтары, міндеттері, жауапкершілігін орынды пайдалануы мен мектеп басқару бастамасының ұйымшылдығы негізінде тиімді басқару жүйесі құрылды.

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап білім беру жүйесінде қатардағы қызметкерден басшылық қызметке дейінгі лауазымдарды абыройлы атқарған тәжірибелі басшы, педагог-



зерттеуші санатты психолог, жоғары санатты дефектолог Тулепова Лаззат Жайшылыққызы директор болып тағайындалды. Сол уақыттан бастап ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қоғамға, ортаға қосу үшін балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасындағы арақашықтықты біртіндеп жоюмен сипатталатын жұмыстар жүргізіліп, білім алушының білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті барлық мүмкіндіктерді қарастырып келеді. Бұл бағытта елімізде болып жатқан ауқымды өзгерістер, түрлі бастамалар мен түрлендірулерге сәйкес тәрбиелеу мен білім беру ісін жоғары сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндіктер жасалуда. Осы мақсатта мектептің материалдық-техникалық базасы бүгінгі уақыт талабына сай болуы үшін мұғалімдердің оқу- тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, сабақты түрлендіре оқытудың түрлі әдіс - тәсілдерін пайдалану арқылы сапалы білімге жетелеуге мүмкіндік жасайтын толық жабдықталған пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылды.

«2022 жыл-Балалар жылы» деп жариялануына орай мектеп-интернаттың материалдық базасын жаңартылып, заманауи жабдықталған физика, химия, биология, тарих, география, дене тәрбиесі, бейнелеу өнері, саз кабинеті және ұлдар мен қыз балаларға арналған технология пәні кабинеттері алынды. Сонымен бірге логопед кабинеті, сенсорлық бөлме құралдары да толығымен жаңартылды. Мектептің ішкі шаруашылық қызметінің көптеген жылу-желдету жүйелері демеушілердің қолдауымен санитарлық талаптарға сай қайта жасақталып, жаңартылды.

Бұл аталған пәндік кабинеттер «Қазақстан халқына» қайырымдылық қоры және «Теңізшевройл» компаниясының демеушілігімен алынды. Баланың үлгерімін жақсартуда ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп-интернатта «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылып, ата-аналар үшін «Ашық есік» күндерін өткізу, жеке және топтық кеңестер беру, тренингтер, балалар мен ата-аналардың бірлескен шараларын ұйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді.

Педагогикалық ұжымның «Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды заманауи технологияларды қолдану арқылы ұлттық, адамзаттық құндылықтар негізінде оқытып тәрбиелеу» атты шығармашылық тақырыбы белгіленіп, оқыту барысында мұғалімдерге жаңа заман талабына сай инновациялық технологияларды меңгеру арқылы білім сапасын көтеру міндеті қойылды. Осы міндеттерге сәйкес әрбір мұғалімнен жаңашыл көзқарастағы шығармашылық жұмыстар талап етілді, оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық нығайып, сабақтардың тиімділігі арта бастады. Осы жұмыстардың нәтижесінде мұғалімдер мен арнайы мамандар өз тәжірибелерін республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық басылымдарға жариялау жұмыстары жолға қойылды. Мұғалімдердің білім сапасын арттыруды қамтамасыз ету жұмыстарын ортаға салып, тәжірибемен бөлісу мақсатында 2022 жылғы тамыз мәслихатында «Көру қабілеті нашар балаларды оқытудағы инновациялық технологиялар» тақырыбында, 2022 жылы қазан айында Алматы қаласында өткен «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту процессіне енгізу: тарихы, мәселелері және даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында «Көру қабілеті нашар оқушыларды оқыту кезінде «Sezual» жабдығын қолдану тәжірибесі» тақырыбында мектеп-интернаттағы жүргізіліп жатқан жұмыстар көрсетіліп, тәжірибе көпке таратылды. Конференция жұмысына Финляндия, Ресей, Германия мемлекеттерінен қатысқан мамандардың және республикамыздағы ғалымдардың мектеп-интернатта жасалып жатқан «Sezual» жабдығын қолдану тәжірибеміз үлкен қызығушылығын тудырды.

2022 жылы «Арнайы және инклюзивті білім беру: өзгерістер жолында» тақырыбындағы өңірлік инновациялық форумы болып, инновациялық ізденістерін таныстыру, озық педагогикалық идеяларды насихаттау, әріптестік ынтымақтастықты нығайту жұмыстары талқыланды. Форум жұмысына республикалық Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры А.М.Кудеринова, аудандық білім бөлімінің меңгерушілері, мектеп директорлары, Ақтөбе, Маңғыстау, Орал облыстарынан келген тифлопедагог, дефектолог, логопед, сурдопедагог, педагог-психолог мамандар және мұғалімдер қатысты. Форумға қатынасушылар мектеп-интернатта жүргізіліп жатқан оқу-тәрбие жұмыстарымен, оқушыларға



жасалған тұрмыстық жағдайларымен, пәндік кабинеттердің жабдықталуымен және көру қабілеті нашар жандарға арналған Брайль жаттықтырғыш құрылғы жұмыстарымен таныстырылды. Мектеп-интернат тарихындағы ерекше жаңалықтардың бірі ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқытудың, қайта тәрбиелеудің, сөйлеу тілінің кемістіктерінің алдын-ала сақтандыру жолдарын зерттеу және арнайы білім беру мәселелерін зерттейтін ғылыми зерттеулерге мұғалімдердің қатынасуына мүмкіндік жасау мақсатында Облыстық арнайы мектеп-интернат жанынан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Психология және педагогика кафедрасының» филиалын ашуға келісім шарт жасалды.

2022 жылы «Балалар жылына» орай «Теңізшевройл» компаниясы «Сезуал» серіктесімен бірге көру қабілеті нашар жандарға арналған 45 дана Брайль жаттықтырғыш құрылғысын сыйлап, зияткерлік бағытта қайырымдылық қолдау жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар ерекше білім алуды қажет ететін балаларымыздың айналаны танып-білуін жақсарту үшін XYZ қауымдастығының еріктілері 9 есту аппаратын сыйға тартты. Мектеп ұжымы арнайы білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытып, тәрбиелеуде ата-аналардың күшімен және қолдауға дайын қоғамның көмегімен балалардың өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарын жалғастырып келеді.

Арнайы мектеп-интернат 25 жыл ішінде материалдық техникалық базасы айтарлықтай өзгерістермен толықтырылып, көрмейтін, нашар көретін және естімейтін, нашар еститін, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге кең мүмкіндіктер жасалды. Бүгінде мектеп-интернатта Атырау облысына қарасты барлық ауданның балалары тәрбиеленуде. Мұнда оқушыларға арналған 50 орындық жатақхана бар. Онда тәрбиеленушілерді қадағалайтын тәрбиешілер, кезекші мұғалімдер медбикелер және басқа да қызметкерлер қызмет етеді. Жатақхана ішінде түрлі тақырыптар бойынша стендтер жасақталған, тәрбиелік шаралар арнайы ұлттық мазмұнда жасақталған демалыс бөлмесінде өткізіледі. Жатақхана оқушыларының тамақ ішуі, мектеп ауласында тынығуы, ойнауы, келесі күнгі сабақтарына дайындалуы, бос уақытын тиімді, пайдалы істермен өткізуінің барлығы тәрбиешілердің жетекшілігімен күнделікті бағдарлама бойынша орындалып отырады. Одан кейінгі уақыттарда тәрбие сағаттары, спорттық шаралар немесе басқа да пайдалы істермен айналысуға уақыттарын бөлуге жағдай жасалған.

Мектеп-интернаттың негізгі мақсаты – есту қабілеті бұзылған балаларды түзету, оқыту және тәрбиелеуге заманауи көзқарас негізінде әлеуметтендіру. Мектепте білім, тәрбие, оқушы шығармашылығы, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған барлық жағдайлар жасалған. Бастауыш сыныптар мен жоғары сыныптардың пәндік кабинеттері ерекше білім алуы қажет балаларға арналған заманауи құрал-жабдықтармен және пәндерге қарасты толық дидактикалық көрнекіліктермен жабдықталған. Түзету жұмысында есту қабілеті зақымдалған оқушылармен жұмыс барысында экран, «Дэльфа 142.1» локалдык бағдарламалық-аппараттық кешені, зонттар, дидактикалық материалдар қолданылады. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған мультимедиялық кабинет 10+1 жасақталды. «Perkins Smart Brailier» баспа машинкасы, «Sara» сканерлеу техникасы, «Bettle Smart Brailier», «Seika» дисплейі, «Index Brailier Everest D3 LV» принтері, Брайль жүйесі бойынша жазуға арналған арнайы құралдар, бағдарлау таяғы, арнайы жазу дәптерлері, «Самұрық-Қазына» қорынан «Ерекше балаларға арналған ерекше кітаптар» ертегілер жинағы бар. 2021 жылы 45 дана «Sezual» электронды алфавиттік Брайль тренажері – оқушыларға Брайль жүйесі бойынша әріптерді үйрету құралымен қамтамасыз етілді.

Психикалық дамуы тежелген оқушылармен жұмыс барысында түзете-дамытушылық технологиялар (эмоциялық, сенсомоторлық тәрбие; мнемотехника, ойлау үрдістерінің тренингтері және т. б.); психокоррекциялық технологиялар (арт-терапия түрлері, ертегі терапия, құм терапиясы, психогимнастика және т. б.); денсаулық сақтау технологиялары (логопедиялық және саусақты массаж, суджок терапия, тыныс алу техникасы және т. б.) қолданылады.

Түзету-тәрбие процесін екінші «дефектология» (сурдопедагогика) мамандығы бар және қосымша мамандық бойынша қайта даярлаудан өткен мұғалімдер саны мектеп ұжымының 94%-ды



құрайды. Мұғалімдердің сапалық құрамын сараласак, педагог-зерттеуші 28%, педагог-сарапшы 40%, педагог-модератор 25%, педагог 7%-ды құрайды. Мектеп мұғалімдерінің арасында 2 Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, 4-і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет және Алғыс грамоталарымен марапатталған.

Нәтижеге бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы ретінде соңғы жылдары түлектеріміз колледждерге, кәсіптік лицейлерде оқуын жалғастыру мүмкіндігіне қол жеткізуде. өзіндік азаматтық белсенділігі бар, өмірде өзін-өзі көрсете алған осындай түлектерімізді мақтан тұтамыз.

Оқу-тәрбие бағытында жасалып жатқан жүйелі шығармашылық жұмыстар ұжымды жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Осы жұмыстарға жауап ретінде ұстаздарымыз бен оқушыларымыздың да жетістіктері жетерлік. Оқушылар бойына білім мен тәрбиені қатар сіңірген ұстаздарымыздың еңбегі жемісті болып, оқушыларымыз әртүрлі байқаулардан жүлделі орындарға ие болуда. Атап айтқанда, 8 сынып оқушысы Құралова Айназ «ALMALY KZ» VIII Халықаралық балалар өнері фестивалында Гран-при жүлдесіне ие болса, «Жұлдызай» республикалық байқауынан 4 сынып оқушысы Сағын Ерасыл өз өнерімен дараланып, I орынға ие болды, 8 сынып оқушысы Қайдар Жұлдыз осы «Жұлдызай» республикалық байқауының III орын иегері атанып, өз өнерлерімен жеңімпаз атанып, көзге түсті. Қашықтықтан өткізілген 6-7 сыныптар арасында өткен пәндік олимпиадалар нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Қамиева Айкөркем II-орын, (жетекшісі А.Мизам), ағылшын тілі бойынша Амангелдіқызы Аружан I-орын, (жетекшісі И.Тоқсанбаева) жүлделі орындары үшін Мақтау қағаздарымен марапатталды. «Менің Отаным!» қашықтықтан сөйлеу дағдылары байқауынан тәрбиешілер Л.Сакенова, М.Рахметова, С.Ниетқалиева дайындаған оқушылар Алғыс хатпен марапатталды. Облыстық педагогикалық оқуларға қатысқан педагог-психолог А.М.Исаеваның іс-тәжірибесі үздік деп бағаланып, I Дәрежелі дипломмен марапатталды, облыстық педагогикалық оқулардың қорытындысымен «Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстың бағдарламасы» атты әдістемелік құрал дайындауға ұсыныс берілді. «Үздік педагог» байқауына қатысқан мұғалімдер Момынова Ж. II орын, Аманғалиева Ф. III орын, Неренова Э. Алғыс хатпен мадақталды.

Мектептің әдістемелік дәстүрлері мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесінің тиімді құралдарын іздестіру, республикадағы арнайы мектептердің озық тәжірибесін зерделеу мақсатын көздейді.

Салауатты демалыс – балалардың моральдық денсаулығының кепілі. Ынтымақ пен достық қолдаудың арқасында оқушыларымыз спортта жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде. Оларға мысал ретінде 2022-2023 оқу жылында арнайы білім беру ұйымдары арасындағы волейболдан өткізілген жарысқа қатысқан қыз оқушылар командасы жүлделі I орын алса, ер балалар жүлделі 4 орынға ие болды. 2023-2024 оқу жылында теннистен өткен жарыста командалық 4 орын алды. Сонымен қатар биылғы жылы 9 сынып оқушысы Қисмеден Данияр көру қабілеті төмен спортшылар арасындағы голболдан өтетін Қазақстан Республикасының кубогына жарысына қатысуға арналған жолдаманы жеңіп алды.

Осылайша өз денсаулығына саналы және ұқыпты қарау, зиянды әдеттерден бас тарту бағытында оқушыларды спортпен белсенді шұғылдануына ерекше мән беріліп, жағдайлар жасалуда.

Қыс мезгілінде балалардың спорттық шаралары да ұйымдастырылады. Мектеп-интернат қыс айларында «Үздік қар қалашығы» сияқты балалар ойыны-байқаулар ұйымдастырып, «Атырау» Мұз айдынына барып, коньки тебу, мұзбен жүгіру сияқты ойындарды демеушілердің көмегімен



ұйымдастырылып отырады. Тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Сондықтан мұғалімдер мен сынып жетекшілердің отбасымен бірлескен іс-әрекетінің маңызы зор. Біз ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі түрлерін де, дәстүрлі емес түрлерін де қолданамыз. Ашық есік күні, «Мен сені сүйемін, балам!», «Ерекше бала тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп бірлігі» байқауы, Отбасын біріктіретін «Анам, әкем, мен және менің ұстазым – біртұтас спорттық ұжым» атты мектепшілік жарысқа да ата-аналар үлкен ықыласпен қатысады. «Менің отбасым-менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналармен өзара байланысты қамтыған стенд жасақталды.

Мектеп ұжымы оқушылардың әлеуметтену белсенділігін барлық қолда бар жағдайлармен кеңейтіп, оларды басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қолдануға, қоғамға пайдалы болуға үйретіп келеді. Сонымен қатар қаланың көрікті жерлеріне, тарихи орындарға саяхат жасау, Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, Атырау облыстық Шаймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер мұражайына, демеушілер көмегімен Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрының балаларға арналған қойылымдарын тамашалауға және түрлі спорттық кешен орталықтарына бару арқылы танымдық демалыстар ұйымдастырылып тұрады.

Мектебіміздің оқу-тәрбие бағытындағы барлық жетістігі мектептің ұстаздар қауымының Азамат, Патриот, Тұлға қалыптастырудағы ұжымдық мақсатының дұрыс жолда екенін дәлелдейді. Болашақта да мектеп-интернат ұжымы келешек ұрпақтың өз мектебінің тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мектеп қабырғасында жүріп-ақ бойына сіңіруге жұмыстана беретін болады.

Мектеп-интернаттың оқу-тәрбие бағытында жасалған іс шаралары





Сабақ барысынан көріністер







Сабақ барысынан көріністер









Педагогтік ізденіс

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА, БРАЙЛЬ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУ, БРАЙЛЬ ЭЛЕКТРОНДЫ – ТАКТИЛЬДІ ТРЕНАЖЕРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Зайдолла Сайрагүл Балтабекқызы

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
педагог-сарапшы санатты тифлопедагог*

Әрбір мемлекет қоғамында ерекше білімді қажет ететін балалар өмір сүріп, білім алып, тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Ерекше білімді қажет ететін балалардың денсаулығын қадағалау дәрігерлердің қызметі болса, тәрбиеленуі ата-аналар құзырында, ал білім беру мен тәрбиені қатар ұйымдастыру педагогтардың міндеті. Көру қабілеті бұзылған балаларға оқу процесін қабылдау және танымдық

қабілеттерінің қалыптасу қиындығы тән құбылыс, өйткені дені сау бала, ерекше білімді қажет ететін балаларға қарағанда қоршаған ортаны 83% көру жүйесі арқылы, 11% есту арқылы, 3,5% мұрын арқылы, 1,5% сипап сезу арқылы, 1% дәм сезу ақылы танып біледі. Ал көру қабілеті бұзылған бала не істейді? Қоршаған ортаны қалай танып біледі? Осы орайда балаларға сол таным мен түйсікті сезінуге және үйретуге ықпал ететін фактор – мұғалімдер. Мүмкіндігі шектеулі бала мектепке алғаш келген кезде қарапайым және түрлі ауыртпалық тудыратын қиыншылықтарға тап болады. Бұл қиындықтар қатарына өз-өзіне қызмет етуінің төмен, не мүлдем болмауы, гигиеналық тазалықты ұстана алмауы, ортаға тез бейімделмеуі, кеңістікте бағдарлай алмауы, Брайль жүйесіндегі қаріптермен таныс болмауы сияқты мәселелерді жатқызуға болады. Сондықтан мектепке дейінгі оқыту процесінде аталған педагогикалық араласуды ерте жастан бастау керек. Ең алдымен, балаға өз денесінде бағдарлауды, одан соң парта үстінде бағдарлауды үйретіп, «оң-сол», «жоғары-төмен», «алдында-артында», «бұрын-кейін» т.б. қарапайым кеңістік ұғымдарымен толықтай таныстыру керек. Сонымен қатар, ұсақ моторикасын дамытуды басты мақсат етіп қою керек. Ұсақ моторикасын дамыту, кеңістікті бағдарлаудың қарапайым түсініктері толық қалыптасқаннан кейін ғана Брайль жүйесіндегі қаріптерді танудың алғашқы сатысын бастауға болады.

Брайль шрифті - бір белгі (әріп) немесе бір ұяшық (белгісі бар алты нүктеден құралады). Брайль шрифтінің меңгеру үшін жоғары деңгей ақыл-ойды дамыту қажет, өйткені бұл оқу әдісі тек әр белгінің құрылымдарын талдауды қажет етпейді, сонымен қатар, әр ұяшықтағы белгілерді біртұтас бейнеге біріктіреді.

Брайль қаріптерінің негізгі – ол бір жүйеге біріктірілген алты нүкте. Жүйенің негізі болып табылады алты нүкте. Әр түрлі алты нүктені бір жүйеге біріктіру арқылы Брайль белгілері құрастырылған (әріптер, сандар, тыныс белгілері, математикалық, физикалық, химиялық белгілер, сондай-ақ нота жүйесінің белгілері). Алты нүктеде әр нүктенің өз орны және өз нөмірі бар. Брайль қаріптерімен жазу оңнан солға қарай жүзеге асырылады (1-сурет), содан кейін нүктелерді нөмірлеу келесідей:

Нүктелердің нөмірленуі барлық әдебиеттерде, кестелерде және т.б. оқу кезіндегідей солдан оңға оқылса, ал жазу барысында оңнан солға жазамыз. Осы негізгі және басты ерекшелікті шатастырмау керек.

Жазу құралы «прибор*» - Л. Брайль қарпімен бедерлі-нүктелі қаріппен жазуға арналған құрал. Брайль қарпіне жазу үшін арнайы құралдар бар. Стандартты құрал «прибор» 18 жолдан 24 ұяшықтан құралады. Әр ұяшықта тек 1 белгі жазылады. Арнайы қағазды «прибордың» сол жағына

ПРИ ЧТЕНИИ (СЛЕВА НАПРАВО)			ПРИ ПИСЬМЕ (СПРАВА НАЛЕВО)		
1	●	4	4	●	1
2	●	5	5	●	2
3	●	6	6	●	3

жақындатып және жоғарғы жиектеріне туралап тегіс орналастырады, түйреуіштерге шаншиды (құрылғыны жапқан кезде ол өзі шаншылады, 4 рет дыбыс шығады). Шашу кезіндегі 4 рет шыққан дыбысты есте сақтап отыру керек. Егер арнайы қағаз дұрыс орналастырылмаса, жазу барысында кедергілер болады. Мектеп-интернатымызда арнайы қағаздарды біріктіріп оқушыларға арнап дәптер жасап отырмыз. Бастауыш сыныпта мұғалім көмегімен жасаса, жоғары сыныпқа келе өздері жасауға дағдыланды.

Жазу үшін «грифельдердің*» бірнеше түрлері қолданылады: жалпақ, алмұрт тәрізді, ойықтары бар, қалыңдатылған және т.б. Бірақ, ең көп таралғаны қазіргі қолданыстағы (Коваленко Б.И. пікірі бойынша) - үстіңгі жағында ойығы бар қырлы, конус пішінді грифель*. Қолдану кезінде сұқ саусақ грифельдің ойығына орналасып жазуға ыңғайлы болады. Ол адамның жасына сай:



мектепке дейінгі жастағы балаларға, үлкен мектеп жасындағы балаларға және де ересектерге арналған бірнеше түрі болады. Грифельдің өлшемі қолға дәл сәйкес болып ұшы қайралған болуы шарт.

Қалып (колодка) - Брайль әліппесінің қаріптерін жазуға дағдылануға арналған арнайы құрал. Бұл құрал 1 ұяшықта Брайль жүйесінің 6 нүктесі бар 10 ұяшықтан тұрады. Әріп немесе белгілерді үйретудің алғашқы әліппесі деп те атауға болады. Себебі, әр ұяшыққа қаріптерді орналастыру арқылы дағдыланып, одан соң ғана «прибор*» мен «грифельдің*» көмегімен жазу техникасын үйретеміз.

Оқу техникасы. Оқу кезінде екі қол бірдей жүктемені көтереді, әсіресе сұқ саусақтар. Сол қолдың сұқ саусағы жолдың басталуын табады және оқи бастайды, содан кейін оң қолдың сұқ саусағы кейінгі әріптерді бағыттаушы саусақ болып табылады. Оқу барысында сұқ саусақтың жастықшаларымен оқу міндетті. Себебі, негізгі сезім нүктелері саусақ жастықшаларында орналасқан.

Сұқ саусақтың жастықшалары мәтін жолында солдан оңға қарай жылжиды, сонымен қатар, жоғарыдан төменге және артқа жүргізіліп отырады. Ал оқылатын белгілер саусақпен толықтай жабылып тұрады. Оқушы оқу және жазу барысында төмендегідей басты ережелерді сақтау керек:

- саусақтарын жарақаттардан қорғау;
- басын үстелге еңкейтпей тік отыру;
- грифельді бетіне жақындатпау;
- приборға қағазды салғаннан кейін орналасқандығы туралы міндетті түрде 4 рет дыбыстың шығуы.

Оқу кезінде басты еңкейтпей тік отыру және де қолды кітапқа алақанның шетін кішкене жақындатып ұстау керек. Оқып отырған адамға кітап көлденең бағытта орналасу қажет.

Жазу техникасы. Жазу барысында оң қол нүктелерді шаншып жатқанда, сол қол сұқ саусақпен сол уақытта көршілес сезінеді жазу қолын басқаруға көмектеседі. Оң қол нүкте қойғанда, яғни жазғанда, сұқ саусақ сол қол көрші торды тауып, оң қолын көрсетіп отырады. Грифель келесі торға ауысқанда, сол қолдың саусағы солға, яғни қайтадан көрші торға бағыттайды. Жазу жолы аяқталғаннан соң, сол қолдың сұқ саусағы бір ұяшыққа төменге түсіп, жолдың оң жақ бастапқы орнына барып жазуды жалғастырады. Жазуда әр ұяшықтағы нүктелерді басу реттілігін сақтау керек. Яғни, ұяшықтың оң жағынан төмен, содан соң сол жағынан төмен жазылу керек. Тифлопедагог маман ретінде сынып жетекшілермен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен біріккен жұмыс нәтижесінде, оқушыларымыздың білім сапасы көтеріліп, өзге де қатарластарымен тең дәрежеде білім алуы балалардың психологиялық-эмоционалды күйлеріне, ата-аналардың үй жағдайында балаларына сабақ орындату кезеңіне оң әсерін берді.

Оқытуда қиыншылықтарға кездесе отырып, олардың алдын алу жолдарына бағытталған жұмыстар арқылы, оқушының білім сапасын арттыруда құнды дүниелерді жасау үшін педагог үнемі




ізденіс жағдайында болуы керек. Қорыта айтқанда, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе - ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде.», - деген сөздерін кәсіби қызметімізде ұстаным ету барша ұстаздардың борышы.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Денискина В.В. Методическое пособие по изучению шрифта Л.Брайля. - М, 2004.
2. Леушева М.Г., Денискина В.В. Методика ускоренного запоминания основных знаков. - М., 2003. - 16 с.
3. Потешина М.Б., Рогушин В.К. Обучение чтению и письму по системе Брайля. — М., 1991.
4. Синева Е.П. Рельефно-точечное письмо слепых. Шрифт Л. Брайля. Киев, 2003. 108 с.



ЦИФРЛАНДЫРУ – БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР, МӘСЕЛЕЛЕР

Конкаева Асел Батырғалиқызы

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ
информатика пән мұғалімі*

Цифрлық сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлық сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек.

Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, «Цифрлық» тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Кейбір адамдар әлі күнге дейін цифрлау үрдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталастарда. Цифрландыру процесті және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен аяқтауды, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді.

Ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді талап етеді және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруде. Осы проблемаларды шешу, әрине, білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етуі тиіс.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлық технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді. Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын қарапайым лекцияларға қарағанда әлдеқайда көп қызықтыра алады.

Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту өзектілігі әлеуметтік функциясының маңыздылығы – білімді өндіру және түрлендірумен негізделеді, олар қазіргі қоғамдағы еңбек бөлінісінде шешуші рөлді атқарады. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы барынша табыстылыққа тек егер білім беру саясатына негізделген барлық бағдарламалық қондырғылар әлем тәжірибесімен жиналған оң әлеуеттен барлық мүмкін болатынды өзіне жинай алса ғана қол жеткізуге болады. Және де, әсіресе Орталық Азиядағы көптеген елдер үшін, білім беру жүйесін жаңғырту мәселесі әлі де өзекті болып қалуда.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Осылайша, көптеген жоғары оқу орындары білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді тәжірибесін талдап, осы әдістің артықшылықтарын түсінді. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеделдету, мекеменің әкімшілік және басқарушы қызметкерлеріне қажет.

Қазақстанда Білім және ғылым министрлігі цифрландыру саласында бірнеше міндеттерді қойды:



- орта білім беру жүйесінде ақпараттандыруды дамыту;
- білім беру мен ғылымды басқару процесін автоматтандыру;
- АТ мамандарын оқыту.

Бірінші бағытта (орта білім берудегі ақпараттандыруды дамыту) министрлік мектептегі информатикаға «Информатика» пәнін ерте енгізуді бастады. Ең дұрысы, бірінші сыныптан объектіні енгізу жоспарлануда. Қазір бұл мүмкіндік сарапшылармен талқылануда.

Білім және ғылым басқару процесінің берілген автоматизациясы олардың арасында бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі, мысалы: ауылдық және қалалық мектептер арасында білім сапасының алшақтығы, оқушылардың ауыр рюкзактары, мұғалімдердің есеп қағазының үлкен сомасы, компьютерлер мен Интернеттің жоқтығы, білім беруде бала процесін бақылаудың жоқтығы және оның өнімділігі.

Екінші бағыт – білім жүйесін басқару процестерін автоматтандыру. Осыған сәйкес,

балабақшаларға кезекке тұру және жолдама беру кезегін автоматтандырудың жаңа стандарты бекітілді. Мектептерге қабылдау, өзара ауысу электронды режимде іске асырыла бастаған көрінеді.

Үшінші бағыт – Бүгінде ақпараттық технология саласындағы білім сапасын арттыру мақсатында университеттер рейтингі әзірленген. Мұндай қадам жоғары оқу орындарында бәсекелестіктің артып, оқу сапасының жақсаруына жәрдемдеседі.

Экономиканы цифрлық технологияларды меңгерген қызметкерлермен қамтамасыз ету проблемасын шешуде білім беру жүйесі ерекше рөл атқарады. Балалар мектеп жасына жеткенге дейін цифрлық ортаға тез бейімделіп, белгілі бір дағдыларды меңгереді, сәйкесінше, жалпы білім беруде бұл дағдыларды шоғырландырып, дамыту қажет. Электрондық сауаттылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін оқытудың нысандарын, әдістерін, технологияларын өзгерту, жалпы білім беру жүйесіне жаңа тәсілдерді енгізу қажет болады.

Тәжірибе көрсеткендей, белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыру білім алушылардың мақсаттарына және жас ерекшеліктеріне сәйкес білім берудің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асады. ХХІ ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келсек, олар бастауыш мектептен бастап барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек. Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталайық.

Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы студенттерге ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, ХХІ ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Талдаушылардың айтуынша, халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі - желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері - бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау. Осының барлығы сандық экономикадағы құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Дегенмен, осыған байланысты желілік мәдениет мәселесі туындайды. Білім алу процесі, түбінде, жеке тұлғалық құбылыс. Тарихтан білуімізше ғұламалардың әрбірі дерлік білім алумен жекедара, оңаша тыныштықта шұғылданған. Өзіміз де бір мәселені тереңірек білгіміз келгенде еріксіз өзімізбен-өзіміз ғана қалуға ұмтыламыз. Өйткені білімге тереңдеудің бір-ақ жолы бар: ол өзіңе-өзің тереңдеуің керек. Міне, сондықтан - білімді тұлғалық деңгейде ұйымдастыру керек. Өмір бойғы ұстаздық тәжірибем мені осындай берік сенімге алып келді. Ол дегеніңіз, оқушыларды баяғы топтап, сынып түрінде оқыту деген таза формальды тәсіл. Мұндай жүйе кезінде қажет те болған шығар, ол өзінің негізгі мақсаттары мен функцияларын орындаған да шығар. Мақсаты - жалпы сауаттылыққа жету. Және тез арада. Электрондық оқыту жүйесі ең алдымен оқытушы мен оқушыға үлкен еркіндік береді. Бұл екеуінің де тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы. Тұлға болып қалыптасуына қолайлы. Тұлға деген өз-өзіне нақты мақсат қойып, өздігінен жүйелі әрекет



ете алатын, өз тірлігіне өзі жауап бере алатын адам. Тұлға деген адами да, кәсіби де деңгейі өте жоғары, толыққанды өмір сүретін адам.

Электрондық оқыту оқу процесіне ешқандай шектеу қоймайды. Бұл процесс оқытушы мен оқушының кеңістіктегі орнына да, уақыттық мүмкіндіктеріне де, көңіл-күйіне де байланысты емес. Оқу барынша объективті құбылыс ретінде өтеді. Қазіргідей мұғалімнің оқушыларды қорғаштап, басқарып, жетектеп, ізін кесіп жүруі қажет емес. Олармен тек адам сияқты қарым-қатынас жасау керек. Бала сияқты емес, кәдімгі ақыл-есі бүтін адам сияқты құрметпен және тең сөйлесу керек. Оқу-тәрбие жауапкершілігін ең алдымен оқушының өзіне жүктеу керек. "Қалаған уақытыңда, қалаған жерден, қалағаныңша оқы, өз әрекеттеріңе өзің ғана жауап бер". Ал оқытушы бағыт-бағдар береді, қажет кезінде кеңес береді, қажет кезінде сүйеу болады. Күнделікті сенің өміріңді басқармайды, тірішілігіңе жөнсіз араласпайды. Өз мүмкіндіктеріңмен өмір сүр, ішкі мүмкіндіктеріңді және өз мінез-құлқыңды жүзеге асыр. Міне, осындай қағида.

Қазір білім жүйесіндегі кез келген мәселе арнайы зерттеу арқылы, әлемдік тәжірибемен салыстыру арқылы жүзеге асады. Заманауи ақпараттық жүйе заманында білім мен ақпаратты оқулықпен ғана емес, интернетпен де игеруге болады. Бір мезетте жан-жақтан келген ақпарат ағыны қарапайым оқушыға да әсер етуі мүмкін. Ақпараттың агрессивті түрінен қорқу керек. Сондықтан да оқушының виртуалды кеңістікте де білім алуына жағдай жасау үшін жұмыс істеп келеміз.

Бүгінде тәрбие жұмысы адамгершілік тұрғыда жүзеге асу керек. Бұрын жастар компьютер пайда болған кезде тек ойынмен отыратын еді. Қазір интернет арқылы білімін жетілдіріп, әлеуметтік желілерге еніп, арнайы пікірталастарға қатыса алады.

Әрине, электрондық оқыту барлық қиындықтан құтқарады десек жалған айтармыз. Көп мәселе адамға келіп тіреледі. Адам тұлғасын өсіру одан да маңызды шаруа. Бальзактың "қоғамның шексіз дамуына емес, адамның шексіз дамуына сенемін" деген сөзі есіме таңба болып басылып қалыпты. Ең алдымен оқытушының тұлғасын биіктету керек. Қай оқу жүйесінде болсын, оқу ресурстарында болсын, ең алдымен оқытушы тұлғасының биіктігі, адами рухы, кәсіби шеберлігі айқын білініп, алға жетелеп тұруы маңызды. Ұстаз тұлғасы, менің ұғымымда, өзіндік адами, өмірге жалпы адамзаттық биіктен қарайтын нық дүниетанымы бар, орнықты кәсіби стилі қалыптасқан, үнемі жан-жақты ізденісте өмір сүретін, өмір мен адамды терең түсінетін, өзіндік ой-пікірі және үлкен азаматтық жауапкершілігі бар, өз ісіне шын берілген адам.

Демек, тәуелсіз еліміз болып, Үкіметіміз болып, алға қарай талпынған жастарымыз болып, заманның қайда, қалай бет алғандығын ұқтық, осы жолда басты бәйгеге тіктік. Өйткені стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру тұрғысынан алғанда әлемде бейбіт және бәсекелестік жағдайда дамудың бұдан ауқымды басқадай басты бағыты да жоқ. Халықтар мен елдер және олардың дәстүрі әртүрлі болғанымен, прогрестің бағыты – біреу және ол айқындалып отыр. Цифрландыру қазіргі әлеуметтік-экономикалық салалардың барлығына ортақ. Демек алдағы бес-он жылдың ішінде әлемнің барлық елдері осы жолға түсетін болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы. — Нұр-Сұлтан, 2016
[//www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)
2. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. -Нұр-Сұлтан, 2018 [//www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)
3. Аймағамбетов А.А. Отандық ғылымда жаңа серпіліс болады
<https://egemen.kz/article/233068-askhat-aymaghambetov>
4. Қазақстан бүгінгі мен ертеңі <https://qazaq1913.com/2020/08/11/aza-stan-ylmy-b-gin->



СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Неренова Эльмира Чаманбаевна

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ
арнайы педагогы*

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артында тұрғандай» -деп Сократ айтқандай Егеменді еліміздің білім саласында өзгерістер еңгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Егеменді еліміздің болашақ тұлғасын тәрбиелеу мен білім беру жолында-жаңашылдыққа жаны құмар, іздемпаз, бәсекеге қабілетті, дені сау оқушының бейнесін жасауға өз үлесімді қосамын деген ниетпен, "Дефектология" мамандығы бойынша оқуын тамамдадым. Алған білімімді, іс-тәжірибе арқылы балаларға үйретуге бар күш жігерімді салуға тырысып жүрмін. Жаңаша форматтағы сабақтар өткізу арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын одан әрі дами түсетініне көзім жетті. Үйрете отырып, үйренуге; бағыт-бағдар беруде түрлі амал-тәсілдерді қолдана білетін деңгейге жету; мұғалім-оқушы-ата-ана арасындағы қарым-қатынастың, ынтымақтастығын құра алатындай жағдайға жету-бұл менің негізгі мақсатым. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны көбею мәселесі ерекше өткір тұр. Зерттеу гипотезасы бойынша ерекше білімді қажет ететін балалардың сөйлеуін дамыту процесінің өзіндік ерекшеліктері бар, оларды түзету жұмыстарында ескеру қажет. Сөйлеу-адамдардың тіл арқылы қарым-қатынасының тарихи қалыптасқан түрі. Сөйлеу мен тілді жұлып алып, бір-біріне қарсы қою мүмкін емес.

Сөйлеу - қарым-қатынас процесі; тіл-қарым-қатынас процесінде қолданылатын алдыңғы ұрпақтар жасаған фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құралдар жүйесі. Сөйлеу және тіл әлеуметтік құбылыстарға жатады.

Тіл дамыту яғни, сөздік қорының дамуына қатысты бір мәселе – ой дамыту. Өйткені тіл – ойдың сыртқы көрінісі, сөйлеу арқылы ойды білдіреміз. Ал ойдың сөзге орнауы ойдың нақтылануына, ойдың жүйеленіп, айқындалуына мүмкіндік жасайды.

Егер бастауыш мектеп жасындағы балаларда үйлесімді сөйлеуді дамыту бойынша жұмысты құру кезінде танымдық процестерді белсенді түрде дамытып, сонымен қатар психомоторлық дамудың кемшіліктерін түзетумен айналысса, онда мұндай балалардың үйлесімді сөйлеуін дамыту процесі сәтті жүреді. Когерентті сөйлеуді дамыту мәселесі өзекті, өйткені сөйлеу адамның кез-келген іс-әрекетінің және оның жалпы мінез-құлқының ажырамас бөлігі болып табылады. Үйлесімді сөйлеудің қалыптаспауы немесе дамымауы интеллектуалды жеткіліксіздігі бар барлық балаларда байқалады және баланың дамуына, оқуына және әлеуметтенуіне теріс әсер етеді. Келісілген сөйлеуді дамыту бойынша уақытылы және мақсатты жұмыс ақыл-ой іс-әрекетін дамытуға, мектеп бағдарламасын игеруге, оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасы мен әлеуметтік бейімделуін жақсартуға ықпал етеді.

Ерекше білімді қажет ететін балаларда танымдық іс-әрекеттің жоғары формаларының дамымауы, ойлау белсенділігі жеткіліксіз, сөйлеудің баяу дамуы және оның сапалық ерекшелігі, мінез-құлықтың ауызша реттелуінің бұзылуы, эмоционалды-ерікті саланың жетілмегендігі байқалады. Ерекше білімді қажет ететін бастауыш сынып оқушыларында үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл міндетті іске асыру оқу мақсатын жүзеге асырумен тікелей байланысты. Байланыс құралы ретінде үйлесімді сөйлеуді дамытуға ерекше назар аудару керек. Жұмысты сұраққа егжей-тегжейлі жауап беруден бастау ұсынылады, содан кейін қарапайым заттарды сипаттауға көшу керек, ал одан қарапайым сюжеті бар суреттегі әңгімеге және іс-әрекеттің айқын белгілеріне көшу ұсынылады. Баланың сөйлеуі мен ой-өрісін

белсендіру құралы ретінде әр түрлі әдістерді қолдану ұсынылады: салыстыруды қажет ететін сұрақтар; арандатушылық сұрақтар; мұғалім мен оқушының сөйлеуін салыстыру; көрнекі түрде қабылданатын пәндерге сүйену. Балалардың осы санатында үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру баяу қарқынмен жүзеге асырылады және сапалық ерекшеліктерімен сипатталады. Балалар сұрақ-жауап және ситуациялық сөйлеуде ұзақ уақыт тұрады. Біртұтас мәлімдемелерді қалыптастыру процесінде олар ересек адамнан үнемі ынталандыруды, сұрақтар немесе кеңестер түрінде жүйелі көмекті қажет етеді. Әсіресе балалар үшін қиын-сөйлеудің контекстік түрі. Әңгімелесушіге әлсіз бағдарланғандықтан диалогтық сөйлеу жеткіліксіз қалыптасқан.

Баланың сөйлеуі неғұрлым дамыған болуы үшін төмендегі жұмыс бағыттары жасалу қажет:

- Дұрыс сөйлеу тыныс алуымен жұмыс істеу, ойын жаттығуларын қолдана отырып, ұзақ, тегіс дем шығаруды қалыптастыру.
- Суреттерге сүйене отырып, қарапайым артикуляциялық жаттығулар жасаңыз.
- Білім беру ойындарының көмегімен сөздік қорын байыту бойынша жұмыс жүргізу.
- Сөздердегі екпінмен, сөйлемдегі дыбыстың интонациясымен жұмыс істеу.
- Үйлесімді сөйлеу бойынша жұмыс алдымен диалогтық сөйлеу материалында, ал кейінірек монологта жүргізіледі.

Біртұтас мәтінмен жұмыс келесі ретпен жүргізіледі:

- сюжеттік суреттер сериясына сүйене отырып қайталау,
- сюжеттік сурет бойынша қайталау,
- көрнекілікке сүйенбей қайталау,
- деформацияланған мәтін негізінде қайталау,
- сюжеттік суреттер сериясы бойынша әңгіме,
- сюжеттік сурет бойынша әңгіме, тәуелсіз әңгіме.

Бұл тапсырмаларда ішкі бағдарламалауды дамытумен қатар, мәтінді дұрыс тілдік жобалау қабілетін дамыту да жүзеге асырылады. Біртұтас монологиялық сөйлеуді дамытудың маңызды алғышарты-диалогтық сөйлеудің қалыптасуы. Сөйлеу қарым-қатынасының негізгі формасы болып табылатын диалогты дамытуға басынан бастап көп көңіл бөлінеді. Диалогтық сөйлеуді меңгеру сөздікті кеңейтумен және нақтылаумен қатар жүзеге асырылады. Танымдық және тәрбиелік мақсаттармен қатар сабақтарда диалог жүргізу арқылы мұғалім балалардың сөйлеуін арнайы дамытуды мақсат етеді. Диалогтық сөйлеуді қалыптастыру бойынша жұмыс барысында ақыл-есі кем оқушы сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, сұрақтардың мазмұнына сәйкес дұрыс, дәл сұрақтар қоюға, оларға жауаптарда өз ойларын білдіруге үйренуі керек. Диалогтық сөйлеуді дамыту әдістері-әңгіме және театрландыру (еліктеу және қайталау).

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды сұрақтар қоюға үйрету керек. Алдымен балалар алдын-ала сөйлескеннен кейін суретке сұрақтар қояды, мысалы, логопедтің сұрақтарын есте сақтау арқылы қайталайды. Болашақта балаларға сурет бойынша сұрақтар қою ұсынылады, содан кейін суреттерді пайдаланбай, өз бетінше, яғни алдын-ала сөйлесусіз.

Ішкі-семантикалық бағдарламалауды қалыптастыру процесінде Р. И.Лалаева келесі жұмыс түрлерін ұсынады:

1. Екі ұқсас сюжеттік суреттермен жұмыс, олардың бірінде бірқатар заттар жоқ. Жұмыстың бұл түрі суреттің мазмұнына назар аударуға көмектеседі. Суреттегі жағдайдың элементтерін бөліп көрсету, оны талдау. Аналитикалық және синтетикалық қызметті дамыту, атап айтқанда салыстыру операциясын қалыптастыру.
2. Сюжеттік және тақырыптық суреттермен жұмыс. Келесі тапсырмалар ұсынылады;

а) сюжеттік суретке тақырыптық суреттер сериясын тандаңыз

сюжеттік суретке сәйкес келмейтін тақырыптық суреттерді табыңыз;

б) осы бар қосымша суреттерді
3. Сюжеттік суреттер сериясымен жұмыс. Тапсырмалардың келесі түрлері ұсынылады

а) суреттердің ретін жады бойынша қалпына келтіру,

б) белгілі бір тақырып бойынша әңгімеге қатысы бар суреттерді басқалардың арасынан тандау;



в) басқа суреттер арасында құлаған суреттің орнын анықтаңыз;

г) суреттерді белгілі бір ретпен орналастырыңыз;

д) артық суретті табыңыз,

е) оқиғаны оқығаннан кейін суреттер тізбегіндегі қатені анықтайды.

Қорытындылай келе, дұрыс ұйымдастырылған жұмыстың нәтижесінде оқушының сөйлеуі мен ойлауын түзетуге ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаны түзетуге де қол жеткізеді: бұзылу, қаттылық жойылады, баланың сөйлеу және жалпы бастамасы дамиды.

Демек, сөйлеуді қалыптастыру үлкен түзету жұмыс жағдайында ғана мүмкін болады, бұл сонымен қатар балалардың ой-өрісін кеңейтуге, олардың сенсорлық тәжірибесін байытуға, ақыл-ой белсенділігін арттыруға және жалпы сөйлеуді дамытуға ықпал етуі керек. Түзету жұмыстары қатаң дәйектілікті, үлкен бөлшектеуді, ынталандыру әдістерін қолдану және тапсырмаларды біртіндеп қиындатуды қажет етеді.



ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ – ДАМУ ЖҰМЫСЫНДА СУ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Исаева Айну́р Мухта́ровна

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ
педагог – модератор санатты педагог – психолог*

«Бала кемістігінің дамуы деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек»
П.Шуман.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беру еліміздің басты міндеттерінің бірі. Біз әр балаға, қажеттіліктері мен өзге де жағдайларына тәуелсіз өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайдасын тигізуге, мүмкіндік беруіміз керек. Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін көп жұмыс қажет. Әр бала даму ерекшеліктерімен жас ерекшеліктерін ескеріп, олармен жұмыс істеу жоспарын жасау керек. Баланың психологиялық мінездері мен іс-әрекеттерін бақылап, қажетті материалдар мен көрнекіліктерін және әртүрлі терапияларды қолдану арқылы жұмыс жасау керек, сонда ғана алға қойған мақсаттары орындалады, нәтиже шығады. Оқушыны қолдау, қуаттау қандай да бір ұнамды қасиетін танып, сол арқылы балада сенім ояту-педагогтың негізгі іс-әрекетінің ажырамас бөлігі. Оқушыға жақсы жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастыру, әрі терең білім, әрі тәрбиелеу әрбір осы саламен айналысатын педагогке жүктелер міндет. Мемлекет пен қоғамның басым міндеттерінің бірі-әрбір балаға, оның ішінде ерекше білімді қажет ететін балаға да оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамуына, тәрбие мен білім алуына кепілді құқық беруді қамтамасыз ету. Әрбір баланың денсаулығы мен ақыл ойының қандай деңгейде екеніне қарамастан оның қабілеттерін дамытуға болады, мүгедектік адамды қоғамнан аластатудың себебі болмау керек. Сондықтан мен өз тәжірибемде ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беруде, оқу-тәрбие жұмыстарында инновациялық технологиялардың бірі «Су терапиясын» қолданып жүрмін.

Мақсаты: оқушылардың көңіл-күй жағдайын қалыптастыру, жан жақты психикалық процесстерді дамыту, қабылдау, есте сақтау, қиялдау, зейін, ойлау, көңіл аудару, сөйлеу тілдерін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Тақырыптың өзектілігі: түсті нәзік сезіну және оны сипаттайтын сөздік қорларын дамыту, зейінді тұрақтандыру, психикалық процесстер, эмоционалды және дене күйзелістерін жою, шамадан тыс белсенділіктерін бәсеңдету, психологиялық танымдық қабілеттерін арттыру.

Күтілетін нәтиже: психологиялық танымдық қабілеттерінің жоғарлауы, оқушылардың психологиялық жағдайындағы жағымды өзгерістер және мазасыздық пен агрессивтіліктің төмендеуі, зейіннің тұрақтауы.

«Су терапиясы» оқушылардың сезімдерін жеткізуге жағымды эмоцияларды дамытуға, бұлшық ет-артикуляциялық және түс бірлестіктерін қабылдауға және талдауға моториканы, визуалды кеңістікті қабылдау мен қиялды, есте сақтау мен ойлауды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Су мен жұмыс жасау техникасы. Неге су? Су балаларға ұнайды, ол мөлдір және таза. Осы суды ұстағанда балалар өздерін жақсы сезінеді, тынышталады. Су мен бала ойнап отырып, тапсырмаларды орындайды және ұсақ қол моторикасын дамытады, қиял қабілеттері жетіліп, сөздік қорлары көбейеді. Суды ұстағанда табиғатпен байланысты сезеді, өздерін теңізде, өзенде жүргендей сезімде болады. Сондықтан осындай терапиялармен жұмыс жасағанда оқушылардың психологиялық танымдық қабілеттері артады.

Оқушылардың эмоционалды бұзылыстарын - психологиялық түзету негізінен, эмоционалды ыңғайсыздықты жеңілдетуге олардың белсенділігі мен тәуелсіздігін арттыруға агрессивтілік, қозғыштықтың жоғарылауы, мазасыздық сезімі және т.б. сияқты эмоционалды бұзылыстардан туындаған екіншілік жеке реакцияларды жоюға бағытталған.

«Су терапиясы» ашушандықтан және агрессиядан айқытырады. Су оқушының толыққанды ойын жеткізе алуына мүмкіндік береді, және де қазіргі таңда бір орында отыра алмайтын гиперактивті балалар көп осындай балалармен жұмыс жүргізгенде, нәтижесінде тиянақтылыққа баулиды. Судың адам ағзасына беретін жағымды әсерлері өте көп. Су терапиясы негізінде оқушымен жұмыс жасағанда өте ыңғайлы. Ең бірінші пайдасы оқушының мазасыздығын басады, зейінін тұрақтандырады, таным процесстерін дамытады. Оқушылардың эмоциялық мәселелері - қорқыныш пен агрессияның азаюы, үрейді қалыпқа келтіреді, сонымен қатар стрессті бәсеңдетеді. Мидың сөйлеуге жауап беретін бөлігінің белсенденуі қиял мен шығармашылығының дамуы артады. Саусақ моторикасымен сенсорлық эталондарын дамытады. Оқушылардың психо - эмоционалды әсерін көтереді, оқушының шаршағанын басады. Су терапияның ең бастысы оны сезіну болып табылады. Су терапиясы оқушы үшін өте қызықты және шығармашылық іс-әрекет. Сонымен қатар тап - таза мөлдір суға қол тигізу ондағы мәрмәр тастарды саусақтарының астында сезіну өте жағымды. «Су терапиясы» арқылы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып оқушылар мен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге болады. Осы әдістер арқылы олармен әңгімелесе отырып, психологиялық көмек көрсетуге болады.

Көздері нашар көретін және мүлдем көрмейтін оқушылармен су терапиясы арқылы жүргізетін әдістің бірі

«Заттарды ажырат» әдісі

Мақсаты: судағы тастарды өзара салыстыру қабылдау деңгейлерін анықтау, зейінін тұрақтанды. Оқушы әуелі суды қолымен ұстап, суға қолын үйретіп алады суды ұстаған кезде судың жылы, салқындығы арқылы сол сәтте миына сигнал барады яғни оқушы суды сезінеді.

Содан кейін психологтың сұрағына жауап береді.

Суды ұстағанда не сездің?

Су жылы болды ма? Әлде салқын болды ма?

Судың ішінен не байқап қалдың?

Осы қолыңа алған тастар «Марблс» тастар деп аталады. Енді осы тастардың көлемі қандай?

Қандай пішінге ұқсап тұр осы туралы айтып бере аласың ба?

Енді судан тағы бір тасты алып берші, бірінші және екінші алған тастарыңды салыстыршы, екі тастың өзара айырмашылығын тауып берші.

Қолыңа алған тас салқынба? Әлде жылы ма? Жұмсақпа әлде қаттыма? Үлкенбе әлде кішкентайма?

«Тастарды жина» әдісі

Мақсаты: оқушылардың зейін аумағын кеңейту, көзбен көргенін есте сақтау және қабылдау қабілетін дамыту.

Ми екі жарты шардан тұрады: оң және сол. Олардың атқаратын қызметі бір-біріне ұқсамайды. Егер осы жарты шарлар арасында өзара қарым-қатынас қалыптаспаса, балада ауызша сөйлеуде, есте



сақтауда, жазуда, оқу үлгерімінде қиындықтар болады. Сондықтан осы «Тастарды жина» нейрогимнастикалық жаттығуы өте тиімді. Оқушыға судың ішіндегі мәрмәр тастарды бір уақытта екі қолмен жинау ұсынылады.

Ойлау - заттар мен құбылыстардың жалпы сипаттарын, олардың арасындағы табиғи байланыстары мен қатынастарын бейнелейтін психикалық процесс. Ойлау- таным процестерінің ішіндегі ең биік сатыда тұрған жоғары процесс.

Есту қабілеті зақымданған оқушылармен жүргізілетін әдістер.

«10 сан» әдісі

Мақсаты: оқушылардың қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын және қарапайым математикалық білімін жетілдіру.

Бұл әдіс су терапиясы арқылы жүргізіледі. Балалар әуелі су құйылған ыдыстағы суға қолын үйретеді, судың күйін ажыратады. Содан кейін нұсқау бойынша тапсырманы орындайды.

Судың ішіндегі уақ моншақтар көп пе? аз ба? Судың ішіндегі моншақтарды арнайы қысқыш арқылы алып, ұяшықтары бар тақтайшаға жанындағы санына қарай моншақтарды ұяшыққа орналастыр деп нұсқау беріледі.

2 және 5 санының көршісін су ішіндегі сандардың арасынан тауып көрсетші.

8 санының алдындағы санды тауып берші.

Осылай етіп оқушының жас ерекшелігіне қарай әртүрлі тапсырмаларды орындатуға болады.

Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз-бұл оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтар туғызатын, үлгермеушілігі бар балалар. Бұл балалардағы білімнің жалпы қорының жеткіліксіздігі, ойлау қабілетінің- толық жетілмегендігі, интеллектуалды қызметтен тез шаршауы мен жұмысқа деген өтінімдері төмен болуымен ерекшеленеді. Психикалық дамуы тежелген балалар зейіннің тұрақтылығының төмен дәрежесімен сипатталады. Сондықтан балалардың зейінін ерекше түрде ұйымдастырып бағыттау қажет. Сумен ойындар жағымсыз энергияны сіңіретінін онымен әрекеттесу адамды тазартатынын, оның эмоционалдық жағдайын тұрақтандыратынын сезе отырып, жұмыс жасаймын.

«Су астындағы әлем» әдісі

Мақсаты: оқушының бейнелік- логикалық ойлауын дамыту, мазасыздығын жою. Су терапиясының ыдысының астына әртүрлі әдістегі суреттерді қоямыз сосын оқушыдан су түбіндегі жатқан суреттерді лупаны немесе әйнек стаканды бинокльді қолдану арқылы қарау ұсынылады. Содан кейін осы суреттердің ішінен артығын табу сұралады, осылай бірнеше суреттердің топтамасы су астына қойылып жауаптары сұралады. «Су терапиясы»-бұл түрлі әдістердің жаңа комбинациялары. Бұл өте қызықты іс – әрекет. Ерекше оқытуды қажет ететін баланың қоғамның азаматы екенін, бойына ұлттық сапа қасиеттерін сіңіре отырып, ата -анасының өзіне сенім артып отырған баласы екендігін сезіндіру, өзінің де қолынан бір нәрселер келетініне көзін жеткізу, өз ісіне деген сүйіспеншілігін ояту- баланы педагогикалық қолдаудың негізі болып табылады.

Бүгінгі жас буын-ертеңгі азамат. Сол азаматты болашақта өз бетінше өмір сүруге бейімдеу, дені сау адамдардың қатарында өзін еркін әрі жеңіл сезіну үшін қолайлы жағдай қалыптастыру біздің басты міндетіміз болып табылады.






**САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ТҮСТЕРДІ САЛЫСТЫРУ,
«ЖЫЛЫ ЖӘНЕ САЛҚЫН ТҮСТЕР»**



Аманғалиева Фариза Жұмабайқызы
«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ
педагог-модераторсанатты арнайы педагог

Қысқа мерзімді сабақ жоспары


Бөлім: Түсті қабылдау		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Аманғалиева Ф.Ж.	
Күні:		
Сынып: 2-3 нашар көретін	Қатысушылар саны: 3	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Түстерді салыстыру, «жылы және салқын түстер»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.3.3.1 «спектр», «жылы және салқын түстер» ұғымын білу 2.3.3.2 қоршаған ортадағы түстердің реңдерін анықтау 2.3.3.3 қанықтығы бойынша түстер гаммасын құрастыру	
Сабақтың мақсаты	Түстерді салыстырып, реңдеріне қарай ажырата білу. «Жылы және салқын түстерді» ажырата білу	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 5 минут	-Сәлеметсіздерме, оқушылар! -Көңіл-күйлерің қалай? Шаттық шеңбері Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз. «Күн шуағы» әдісі: (Әр бұлттың астында бір сұрақ жасырылған. Бір оқушы бір сұраққа жауап береді және күннің көзі ашылады) -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? Қазір қай ай? -Бүгін аптаның қай күні? Өткен сабақты қайталау: «Монтессори» карточкаларымен қарама қарсы түстерді орналастыру. Оқушылар, біз түстердің қарама қарсы болып бөлінетінін меңгердік.	Амандасады. Шаттық шеңберін жасайды. Оқушы сұраққа жауап береді.		 

Сабақтың ортасы	Бүгінгі сабақта түстердің «жылы және салқын түстер» деп аталатын екі тобымен танысамыз. Түстер әлемінде түс шеңберімен таныспыз. Осы түс шеңберін теңдей екі бөлікке бөлу арқылы «жылы және салқын» түстерді көре аламыз. Жылы түстер: ашық жасыл, сары, қызғылт сарының реңдері, қызыл түстер. Салқын түстерге күлгіннің реңдері, көк түстің реңдері, қою жасыл түстер. Мына суреттің жылы және салқын түстерді анық аңғаруға болады. Оқушылар сізде жасыл түске қатысты сұрақ туындауы мүмкін. Неге жасыл жылы түстер қатарында? Себебі, жасыл түс жылы сары түс пен салқын көк түстің қосындысы. Сондықтан да жасыл түс бізде өзгермелі. Жасылдың құрамында көк түс басым болса салқын, сары түс басым болса жылы түс болып саналады. Суретпен жұмыс: Парақта осы сурет бейнеленген. Суретті бояу үшін қандай түстер қолданылғанын көрсетейік. Бос төртбұрыштарды тиісті түстермен толтырамыз. Көз жаттығуы. Базаров тренажеры Сергіту сәті Орнымыздан тұрып, бос партаға жақындайық. Оқушылар, қараңыздаршы мына банкада не бейнеленген? Яғни, бұл ненің белгісі? Өте жақсы, енді қандай түс жетіспей тұр? Ендеше, осы банкадағы суды көгілдір түске бәріміз бірге бояйық. Алдымызда қандай айтулы күн келе жатыр? Өте жақсы, оқушылар. Ендеше Тәуелсіздігіміз мәңгі болып, көк туымыз желбірей берсін. Ерекше сергіту сәті ұнады ма? Тапсырма Ертегі еліне саяхат «Оле Лукойе» Ерте, ерте, ертеде кішкентай Оле Лукойе есімді гном өмір	Тыңдайды. Жаңа тақырыпты меңгереді. Суретке қарап, тиісті түстермен бояйды. Жауап береді. Күн, қыран құс. ҚР мемлекеттік рәмізі Ту. Көгілдір түс. Банкадағы суға көк түсті суды құйып, көгілдір түске боялады. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні.		   
------------------------	--	--	--	---



	сүріпті. Ол әрдайым өзімен екі қолшатыр ұстап жүріпті. Түнде балалар қалың ұйқыға кеткесін біреуін тілалғыш, ақылды балалардың басына ұстап тұрған. Тілалғыш балалар көңілді, жақсы түс көрсін деп. Ал екіншісін бұзық, тентек балалардың басына ұстап тұрған, себебі олар қорқынышты түстер көрсін деп. Ал балалар, ойланып көріндерші, қолшатырлар қандай түсте болды екен? Парақта екі қолшатыр бейнеленген, соны бояймыз. Түйін: біз әрдайым ұйықтағанда көңілді, жағымды түстер көру тілалғыш, тәртіпті, зерек болуымыз керек екен.	Көңілді түс көру үшін жылы түстермен боялған: қызыл, сары, қызғылт сары, ашық жасыл. Қорқынышты түстерге арналған қолшатырда қою көк, күлгін, қою жасыл, көк түстермен боялған.		
Сабақтың соңы	Бекіту тапсырмасы. Интерактивті тақтамен жұмыс. Тақтада күн және аққала бейнеленген, яғни жылы және салқын түстер тобы. Күннің қатарындағы бос ұяшықтарды жылы түстермен, аққаланың қатарындағы бос ұяшықтарды салқын түстермен бояймыз. Рефлексия. • Түсіндім (жасыл) • Түсіндім, бірақ сұрақтарым бар (сары) • Түсінбедім (қызыл) Бағалау. Оқушылар, бүгінгі сабағымызға өте жақсы қатысқан оқушы кім екенін білгілеріңіз келе ме? Ендеше, мына қорапта сол оқушының фотосы жасырылған. Кезекпен келіп көреміз.	Күннің қатарындағы бос ұяшықтарды жылы түстермен, аққаланың қатарындағы бос ұяшықтарды салқын түстермен бояйды. Тақырыпты түсінсе, жасыл қарындашты, сұрағы болса, сары қарындашты, Түсінбесе, қызыл қарындашты ыдысқа салады. Оқушылар қораптағы айнадан өз бейнесін көреді.	Оқушыларды «жарайсың» карточкалармен бағалау.	



ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ


Балапанова Ақкөркем

«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ,

Логопед маман

1. «Орнын тап»

Мақсаты: Түсті, пішінді ажырату, сәйкестікті табуға дағдыландыру. Шарты: Адасқан кішкентай пішіндерді сәйкес ойықтарға салу.



2. «Кім көп сөз біледі?»

Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.


Шарты: Р,Ш,Л дыбыстарына байланысты сөздер айтып, прищепканы бір-біріне қыстыру.



3. «Алма ағашы»

Мақсаты: Р, Л, Ш дыбыстарын дифференциациялау. Дыбыстарды бір-бірінен ажыратуға үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөзде бекіту.

Шарты: себеттегі алмада бейнеленген суретті атап Р, Л, Ш, С дыбыстарын бір-бірінен ажыратып,



алма ағаштарын алмаға толтыру.

4. «Қатты-ақырын-сыбырлап»

Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.

Шарты: Ойынға 3-5 бала қатысады: мұғалім балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты



дауыспен, ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек

5. «Шатасқан суреттер»

Мақсаты: көрнекі зейінді дамыту, зейінді белгілі бір заттарға саналы түрде бағыттау қабілетін дамыту.


Шарты: Бала контур бойымен көзбен қадағалап, суретте қандай заттар бейнеленгенін анықтауы қажет.



6. «Суретті құрастыр»

Мақсаты: оқушылардың ойлау, қабылдауын және қол моторикасын дамыту

Шарты: бірнеше бөліктерге бөлінген суреттерден біртұтас сурет құрастыру.



7. «Қайсысы артық?»

Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.

Шарты: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді.






8. «Кеңістікте бағдарлау. Қайда орналасқан?»

Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.


Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген қыз бен ұлдың қай жерде орналасқанын айтады.



9. «Не ауыр?»

Мақсаты: салмақ туралы білу, екі затты салыстыра алуға үйрету, өз ойын дәлелдеу дағдысын қалыптастыру.

Шарты: балалар үлестірмелі қағазда берілген заттардың қайсысы ауырлау, қайсысы жеңіл




екендігін анықтайды. Мысалы: піл мен тышқан.

10. «Суреттің екінші бөлігін сал»

Мақсаты: Балалардың логикасын дамыту.

Шарты: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады.





ТӘРБИЕ САҒАТЫ: «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»
Болатқызы Жанар
*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ,
тәрбиеші*

Тәрбие сағаты	«Бақытты отбасы»		
Күні			
Тәрбиеші:	Болатқызы Жанар		
Класс:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың мақсаты:	1. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру; 2. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру; 3. Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қытынс қалыптастыру		
Әдістері:	пікір алмасу, сұрақ-жауап, психологиялық жаттығулар.		
Қажетті құрал-жабдықтар:	Үлестірме қағаздар, А4 формат, қалам, маркерлер және т.б.		
Көрнекілігі:	Отбасы туралы мақалдар, нақыл сөздер, слайд-презентация.		
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезең	Мұғалім әрекеті	Оқушы	Ресурстар
Кіріспе.	Сәлемдесу!!! Оқушыларға дөңгелек үстелдің тақырбымен таныстыру және мақсатын атап өту. Дөңгелек үстелімізді бастамайық 1. Кіріспе сөз Құрметті оқушылар! Бүгінгі біздің мектебімізде өткелі отырған» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбек сүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары. <i>Баланы баптап бақпасаң.</i> <i>Жамандықтан қақпасаң</i> <i>Қадірден жұрдай қасқа боп.</i> <i>Кешкенің өмір босқа тек - дегендей</i> баланың ыстық суығына күймейтін,	Оқушылар мұғаліммен амандасады, мұқият тыңдайды. Топқа бөлінеді. Мұқият тыңдайды.	Компьютер

	жақсылығына сүйінбейтін ата ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі, бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол анаға қарап өсіп, бой түзеді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы демеуші ата ана. (Отбасы күні, видео 1) Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата бабамыздың қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Балаң жақсы тәрбиелі болса, о дүниеде Алла Тағаланың алдында бұл дүниеде адамзат арасында да жүзің жарқын болады дейді сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед хадистерінің бірінде, біздің балаларымыз әлі жас шыбық тәрізді, түбі нәрлі болса, мәуелі болып өседі, нәрі әлсіз болса, жапырағы құраған ағаш тәрізді білімсіз, ғасыр індетіне айналған азғындық жолына түсіп, соның құрбаны болуы өсуі үшін ата-аналардың азаматтық борышы өте зор.	Слайдқа назар аударады.	Слайд
	2. Ой қозғау (Бала тәрбиесі, видео 2) - <u>Оқушыларға арналған сұрақ</u> Білім алуда саған жауапты кім деп ойлайсың? Тәрбие беруде әке мен ананың рөлі? Отбасының тәрбиелік мүмкіндігі дегеніміз не? 3. Сөйлемді жалғастыру (Жанұяңа уақыт бөл, видео 3) Бүгінгі сіздерді «Отбасы - бақыт мекені» деп аталатын тақырып төңірегінде ойымызды топтастырып, әрі қарай жалғастырайық /оқушыларға мына ойларды жалғастыру беріледі/ Сабақ басында сынып топпен плакатқа «Класстер» құрайды. <u>Оқушыларға</u> «Бақыт дегеніміз не»...?	Сұрақтарға жауап береді. Класстерді қорғайды.	Компьютер Плакат

Ортасы	4 «Жанұя» ойыны. Әр оқушыға А4 форматтағы қағазға жазылған сұрақтар беріледі, жазбаша түрінде жауап береді. 1 Ата анаңның туған күні? 2 Сынып жетекшінің толық аты жөні? 3 Досыңның парталас көршісі кім? 4 Нешінші өлшемді аяқ киім киесің? 5 Анаңның сүйікті асы қандай? 6 Кеше қандай баға алдың? 7 Анаң қандай түсті жақсы көреді? 8 Інің немесе қарындасың бірінші сыныпқа қай жылы барды? 9 Спорттың қандай түрін жақсы көресің? 10 Ата анаң еркелетіп қандай сөздер айтады? 11 Әке анаң ашуланғанда ең алдымен қандай сөз айтады? 12 Ең жақын досың кім?	Жазбаша түрде сұрақтарға жауап береді.	Компьютер, А4 форматтағы қағаздар
Соңы	5. Рефлексия: «Тілек шамы» Құрметті оқушылар! Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып, бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңыз сұралады. 6. Қорытынды. Бүгінгі дөңгелек үстелімізді Музафар Әлімбаевтің мына өлеңімен аяқтағанды жөн көріп отырмын. Қипақтайды қит етсе анаң, әкең, Қайтсем ғана осыны адам етем, Басқалардың осындай балалары,	Шамдарды бір біріне бере отырып тек жақсы тілектер айтады. Мұқият тыңдайды.	Шам. Тілек ағашы. Слайд.

	Тап осындай жаңғалақ шала ма екен Ойым емес, оллаһи, біздікінің... Енжарлығы елде жоқ алабөтен Туа сала тұлпардың жалын тартқан, Қырғиларға қызығып қарап өтем. Жарық сыйлап маңына жылу сыйлап, Бұ да бір күн алаудай жана ма екен? Ел қатарлы елеулі еңбек етсе -ау Болмаса да топ жарған дара бөтен. Мүше тістеп мықтылар той жасаса, Жерге қарап мен сорлы қалар ма екем?Үміт пен күдіктің ортасында Ата-ананың үміті талады екен! - Міне, осылайша өз баласының болашағына аландап, "Қайтсем де баламды адам етем" деген ата-ананың арманы баласымен бірге жасайды екен. Аман - сау болыңыздар!		
		Қоштасады.	Слайд.
		Сау болыңыз.	



САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: БЕСІК ЖЫРЫ

Бохаева Болганай Бохашовна

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ
Педагог-сарапшы санатындағы бастауыш
сынып мұғалімі*

Қысқа мерзімді жоспар


Мектеп атауы	Облыстық арнайы мектеп – интернат	
Бөлім:	Саяхат.Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті.	
Мұғалімнің аты-жөні	Бохаева Болганай Бохашовна	
Күні:	20.02.2024	
Сынып: 2-3 н.е	Қатысушылар саны: 4	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Бесік жыры	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.5.1 – Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу.	
Сабақтың мақсаты	Өз ойын айту,мәнерлеп оқу,мұғалімнің көмегімен тапсырмаларды орындау.	

	Айту және есту қабілетін дамыту
Құндылығы	Қазақ халқының салт-дәстүрін айту

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру 5 мин Өткен білімді еске түсіру 5 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі: Додекаэдр әдісі Үйге берілген тапсырманы тексеру: «Аквариум» әдісімен сұралады. 1. Ертегі кейіпкерлері кім? 2. Бидай қандай өтініш айтады? 3. Ертегіден түсінгенінді айт? 4. Құмырсқа мен бидай ертегісін кім жазған?	Ширату жаттығуларын жасайды. оқушылар тапсырманы орындайды	Ауызша мадақтау жүреді. Дескрипт ор: -сұраққа жауап береді. Киіз үй әдісімен бағалау	    
Жаңа білім 20 мин	«Фонарик» әдісі арқылы тақырыпты ашу. Фонариктің көмегімен суреттерге қарау арқылы тақырыпты ашамыз. Жарайсыңдар балалар бүгінгі біздің жаңа сабақтың тақырыбымен және мақсатымен танысасыңдар. Жаңа сабақтың тақырыбы: Бесік жыры Мақсаты: Өз ойын айту, мәнерлеп оқу, мұғалімнің көмегімен тапсырмаларды орындау. Айту және есту қабілетін дамыту.	Жаңа сабақтың тақырыбын айтады	Дескрипт ор: - сұрақтарға жауап береді Ауызша мадақтау жүреді	

	Тірек сөздер: Бесік Төсеніш Жастық Шүмек Түбек Бесік жапқыш Бесікке салу, бесік ұғымын ашу.  Тиым сөздер: Бос бесікті тербетпе. Бесіктің бетін ашық қалдырма. Бесіктен аттама, аяқпен тербеме. Кітаппен жұмыс. Әлди, әлди, аппағым, Қойдың жүні қарпағын. Жұртқа жаман болса да, Өзім сүйген аппағым. Әлди, әлди, шырағым, Көлге біткен құрағым, Жапанға біткен тірегім Жаман күнде керегім. Сөзжұмбақ шешу.	Сұрақ жауап Тиым сөздерді дәптерге жазады. Өлең жолдарын оқиды.	Дескриптор: -Өлеңді оқиды. -қысқаша түсінгенін айтады. Киіз үй әдісімен бағалау  Дескриптор: - Берілген	оқулық
--	---	--	---	---------------

Сергіту сәті 5 мин Сабақты қорыту 5 минут	БЕСІК ҚҰРАЛ ЖАБДЫҚТАРЫ б ө ж а с т ы қ ю т е ү б ш ү м е к б ө с қ ң ғ е л б х т с і о ұ һ ч ф й б р е к л ә т ү б е к б н е б м я і о ә б в і щ а и ы б е с і к ш і у б ж а п қ ы ш ү ○ бесік ○ төсеніш ○ шүмек ○ қолбау ○ жастық ○ түбек ○ бесік жапқыш Қара жорға биі. 2-тапсырма. М.Жұмабаевтің өмірімен танысу.  3-тапсырма. Кітаппен жұмыс. Бесік жыры өлеңін мәнерлеп оқу. Күнім, айым, Еркетайым, Бөлейін енді. Тыста дауыл, Жатқан ауыл, Ұйқың да келді. Жұмсақ бесік, Жылы төсек, Жата ғой, қозым. Қорытындылау. «Қоржын» әдісі арқылы кері байланыс.	Сөзжұмбақтан кезектесіп шығып сөздерді табады. Дәптермен жұмыс. Орындарынан тұрып барлығы бірге билейді. Видеороликті қарайды. Оқушылар өз бетімен оқиды. Сұраққа жауап береді. тапсырманы орындайды.	әріптерден тақырыпқа байланыст ы сөздерді табу Бағалау- 3 Дескрипт ор:- дәптерге жазады. Киіз үй әдісімен бағалау Дескрипто р: -видеоны қарайды. -сұраққа жауап береді. Киіз үй әдісімен бағалау	    
---	---	---	---	--



Кері байланыс 5 мин		Кері байланыс жасайды.		
--	---	-------------------------------	--	--



САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ТҮСТЕРДІ АРАЛАСТЫРУ


Есенжанова Айдана


«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ,
Дефектолог-тифлопедагог

Бөлім:	Сенсорлық эталонды қалыптастыру
Сабақтың тақырыбы:	Түстерді араластыру
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	6.3.2.1 жаңа түсті алу үшін түстерді араластыру әдісін жұмыста қолдану 6.3.2.2 оюды құру және бояу 6.3.2.3 қызметте көру эталондарын еркін қолдануға жаттығулар орындау 6.3.2.4 «Жануарлар», «Құстар», «Балықтар», «Жәндіктер» тақырыбы бойынша көру түсініктерін меңгеру
Сабақтың мақсаты	Негізгі түстерді білу, түсіну. Оларды араластыру арқылы қосымша түстерді алуды үйрену, сабақ барысында қолдану.

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 5 минут	-Сәлеметсіздерме, оқушылар! -Көңіл-күйлерің қалай? Шаттық шеңбері Көк аспанда Күн болып, Жасыл желек жайқалып, Қызыл гүлдей қызарып, Біз тұрамыз қуаныш!	Амандасады. Шаттық шеңберін жасайды. Оқушылар жұмбақтарға жауап беріп, жауаптың алғашқы әріптерін	Жарайсыңдар оқушылар!	

	«Жұмбақ» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын табу Мысықтан бұл қорқады, Бұдан піл қорқады. (Тышқан) Айдыннан шалқыған Телпек көрдім қалқыған. (Үйрек) Айран берген, құрт берген, Шелек-шелек сүт берген, Айтыңдаршы балалар, Бұл қандай мал, кім білген? (Сиыр)	тапқаннан кейін, жасырынған сөз шығады. Әріптерден құралған сөз – тақырып «ТҮС»		 
Сабақтың ортасы	Оқушылар, бүгінгі сабағымыз түстер туралы болмақ, оның ішінде түстерді араластыру арқылы жаңа түстерді аламыз. - Біз қандай түстерді білеміз? - Қандай түс ұнайды? - Өте жақсы, оқушылар. Жалпы түстер негізгі үш түске бөлінеді. Олар : қызыл, сары, көк. Ал қалған түстердің барлығы осы түстердің қоспасы. Мысалы: Қызыл түс + сары түс = Қызғылтсары түс Сары түс + көк түс = Жасыл түс	Мұғалімнің айтқанын мұқият тыңдау	Жарайсыңдар оқушылар 	 

	Көк түс + Қызыл түс = Күлгін түс			
	Бүгінгі сабақта түстермен бірнеше тәжірибе жасаймыз. Яғни түстерді араластыру арқылы жаңа түстердің пайда болуына көз жеткіземіз. <i>I Бояу араласқан су және ыдыстар</i> Түтікше салынған стаканға бояу араласқан екі түсті суды құю арқылы үшінші түсті шығарамыз Нәтиже: Екі түстің араласуы арқасында қосымша түс шығады. <i>Көз жаттығуы</i>	Экспериментке қатысады КӨЗ ЖАТТЫҒУЛАРЫ 🧐  Түстерді араластырып, мүсінді бояу	Керемет оқушылар!	Түтікше салынған ыдыс, бояу араласқан бояу бар ыдыстар, бос ыдыс Мүсіндер, бояу, кисточкалар
	<i>II Мүсінді бояу</i> Берілген екі түсті акрил бояуларын араластырып, мүсінді кисточка арқылы шыққан түспен фантазиямызға қарай бояймыз Тапсырма. 1) Суретке қарап отырып қандай түс шығатынын анықтау		 	

Сабақты бекіту	<i>Додокаэдр әдісі</i> 1. Неше негізгі түс бар? 2. Қосымша түстерді алу үшін не істеу керек? 3. Қызыл түспен сары түсті араластырғанда қандай түс шығады? 4. Сары түспен көк түсті араластырғанда қандай түс шығады? 5. Көк түспен қызыл түсті араластырғанда қандай түс шығады? 6. Бүгінгі сабағымыздың негізгі тірек сөзі? 7. Қызғылтсары түсті алу үшін қандай түстерді араластырамыз? 8. Жасыл түсті алу үшін қандай түстерді араластырамыз? 9. Күлгін түсті араластыру үшін қандай түстерді араластырамыз? 10. Қандай түстер негізгі түске жатады? 11. Қызыл қандай түске жатады?	Мұғалімнің лақтырған додокаэдрді оқушылар қағып алып, сұрақтарға ойланып жауап береді		Додокаэдр 12 бұрышты доп
----------------	--	---	--	--------------------------------



	12. Күлгін қандай түске жатады? Қорытындылау. -Оқушылар, бүгінгі тақырып түсінікті ме? -Сабақ ұнады ма? Мен де сендерге ризамын. Сабаққа өте жақсы, белсенді қатыстындар. Сабақ барысында алған смайлик, жүрекшелерді әр кітаптың бірінші парағына салып қойындар.			
--	--	--	--	--



САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «МЕНИҢ ОТБАСЫМ» [С с] ДЫБЫСЫН БУЫНДА, СӨЗДЕ, СӨЗ ТІРКЕСІНДЕ МАШЫҚТАНДЫРУ

Исабаева Ұлдай Қуандыкқызы

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ,
Дефектолог-логопед*

Педагогтың аты-жөні:		Исабаева Ұлдай		
Күні:		16.11.2023		
Сабақтың тақырыбы:		«Менің Отбасым.» [С с] дыбысын буында, сөзде, сөз тіркесінде машықтандыру		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		Оқушыға «Отбасы» туралы түсінік қалыптастыру, өзінің туыстық байланыстар жүйесін анықтау және де жеті атаға кім болып келетінін түсіндіру.		
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу. Оқушылардың дайындығын тексеру. Психологиялық ахуал қалыптастыру. -Сәлеметсің бе, Айша! -Көңіл-күйлерің қалай? -Сабаққа дайындығымыз қалай?	Сұраққа жауап береді		

	Ендеше сабағымызды бастайық. Алдымен әдеттегідей артикуляциялық жаттығуымыздан бастайық. Ендігі кезекті тыныс алу жаттығуына берейік. Бұрын біз тыныс алу жаттығуымызды қалай жасап жүрдік? Мұрынмен ауа жұтып, аузымызбен шығардық. Аузымызбен ауа жұтып, мұрын арқылы шығарып жүрдік. Бүгінгі сабақта мен сіздерге «Бақаның дәмді тамағын» жасап әкелдім. Мұны қалай жасаймыз? Түтікшені алып, дайындап аламыз. Одан кейін бақамыздың сүйікті тамақтарын түтікшенің көмегі арқылы үріп аулаймыз. Жарайсың! Бұл жаттығуд өте жақсы орындай білдің.	Артикуляциялық жаттығу. Тыныс алу жаттығуы		«Тик так» әуені 
Ортасы	Жаңа сабағымыздың тақырыбын ашу үшін тақтада көрсетілген суреттерге назар аударайық. Олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Менің Отбасым.» [С с] дыбысын буында, сөзде, сөз тіркесінде машықтандыру «Отан отбасынан басталады», деген дана сөз бар. Шынында да, адам баласы үшін Отаннан кейінгі қасиетті ұғым — отбасы болса керек. Отбасы – Отанның әрбір мүшесін дүниеге әкеліп, қанатын қатайтып, қатарға қосатын маңызды мекеме. Данышпанның да, ғалымның да ең алғашқы тәлімі мен тәрбиесі осы мекемеде қаланған. Балалар, бір әулеттен тараған бірнеше ұрпақтың бірге тұруын «үйелменді отбасы»-деп	С дыбысының анық айтылу ережесін қайталайды.	Жарайсың	Суреттер «С с» дыбысының айтылу емлесі 



	атайды. Отанымыздың тұғыры мықты болуы үшін Отанды құрайтын отбасы мықты болуы керек. Отбасы дегеніміз өте жақын адамдар. Отбасындағы адамдар бәрі бірін — бірі жақсы көреді және қамқор болады.			
Соңы	Ұсақ қол моторикасын дамыту үшін «Треферат» әдісін бірге жасап көрейік. Ол үшін Банкімізге қиындылар жабыстырып, оны гуашьтың көмегімен анық қылып бояу керек.	Оқушы берілген банкіге сүйікті отбасының болашақ үйін салады.		
Сабақты бекіту	Рефлексия. «Пицца әдісі» 1.Бүгін не үйрендің? 2.Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?	Сұрақтарға жауап беріледі	Жарайсың! Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын стикер арқылы жеткізеді	




ТЕМА УРОКА: ГЛОБУС И КАРТА


Канапина Айгуль Утениязовна

Областная специальная школа – интернат
учитель начальных классов

Раздел (сквозная тема):	В контексте сквозной темы «Охрана окружающей среды».	
ФИО педагога	Канапина А.У	
Дата: 23.02.2024 год		
Класс: 4 ЗПР	Кол-во присутствующих: 4	Кол-во отсутствующих:
Тема урока:	Глобус и карта	
Цели обучения в соответствии с учебной программой:	4.2.1.2 объяснять назначение глобуса и карт, показывать на них основные объекты	

Цели урока:		Научить показывать на глобусе и карте основные объекты		
ХОД УРОКА				
ЭТАП УРОКА / время	ДЕЙСТВИЯ ПЕДАГОГА	ДЕЙСТВИЯ УЧЕНИКОВ	ОЦЕНИВАНИЕ	РЕСУРСЫ
НАЧАЛО УРОКА 1-2 мин Цель: Включение учащихся в деятельность на личностно-значимом уровне	1. Мотивирование на учебную деятельность. Организационный момент Формирование психофизического состояния (настрой на урок) На уроке наши глаза внимательно Смотрят и все ... (видят). Уши внимательно слушают И всё ...(слышат). Голова хорошо ... (думает). - Оцените своё настроение на начало урока	Приветствие. Создание благоприятной атмосферы урока. Проверка готовности к уроку С помощью цветных стикеров показываю т своё настроение	ФО Оценивание психологического настроения для создания благоприятной рабочей обстановки в классе отличное спокойное плохое	Стиkerы для ориентирования учащихся на готовность включиться в учебную деятельность
СЕРЕДИНА УРОКА 35-40 мин 1.повторение Цель: повторение изученного материала, и выявление затруднений в индивидуальной деятельности каждого учащегося	2.Актуализация опорных знаний Повторение пройденного Проверка домашнего задания, воспроизведение и коррекция опорных знаний учащихся. - Как можно ориентироваться на местности в городе или посёлке? - Что такое экологическая проблема? - Какие экологические проблемы вы знаете? - Есть ли пути решения экологических проблем?	Учащиеся отвечают на вопросы, выполняют задания	ФО стикер 	Учебник с.93-96

знаний или способов учебных действий	Что обозначают цвета на глобусе и карте?  синий вода жёлтый, коричневый суша белый снег  6.Физминутка. «Делай так!» Чтобы отдохнули глаза, можно не вставая с места посмотреть вверх, вниз, направо, налево, нарисовать глазами круг или первую букву своего имени. Очень хорошо, когда упражнения сопровождаются стихотворным текстом. Глазки видят всё вокруг, Обведу я ими круг. Глазком видеть всё дано- Где окно, а где кино. Обведу я ими круг, Погляжу на мир вокруг. Человеком всегда двигало любопытство. Тысячи лет на-зад первооткрыватели, заходя все дальше и дальше в неизведанные земли, создавали первые карты. Географическая карта - это условное изображение поверхности Земли на плоскости. Современные географические карты разнообразны. Есть физические и политические карты. На одних картах показана поверхность всей Земли, на других - только её часть. тонна мусора!  Подумайте и ответьте, почему вопросы, связанные с мусором, стали экологической проблемой. Учёные условно разрезали глобус и перенесли на карту. Получилась карта с Западным и Восточным полушариями. На	Работа в парах Выполняю т физминутк у Работают в парах	ФО стикер  ФО стикер 	С. 94 С.96 С. 96 С. 99
---	---	---	---	--

	ней можно увидеть поверхность всего земного шара.  Работа в группе Сравните глобус и карту полушарий. Что вы нашли общего, а что - различного? Чем из них, на ваш взгляд, удобнее пользоваться? Дополнительная информация. На глобусе сохраняется шарообразность Земли. Формы всех фигур на земной поверхности не искажаются. Но у глобуса есть недостаток: он изготавливается только в мелком масштабе. Работа с учебником. Океан - водное пространство, омывающее материк или находящееся между материками. На нашей Земле океанов -четыре: ИНДИЙСКИЙ -самый солёный в мире, Океан АТЛАНТИЧЕСКИЙ славен сельдями, ЛЕДОВИТЫЙ всё время спит подо льдами, А ТИХИЙ, конечно же, вовсе не тихий - А буйный, глубокий и самый великий! Материк - огромная часть суши, окружённая со всех сторон водой.  Работа с картой Найди на карте материки и океаны.  Южная), АВСТРАЛИЯ, ЕВРАЗИЯ, АНТАРКТИДА (вьюжная).	Работают в группах	ФО  смайлик	С.100
--	---	---------------------------	---	---------------------

				
5.коррекция знаний Цель: <i>Корректировка деятельности учащихся на основе промежуточных результатов, полученных в процессе обучения</i>	7. Этап применения, систематизации и коррекции знаний (И) Индивидуальная работа Намеченной группе учащихся даётся задание для формативного оценивания Остальные учащиеся работают самостоятельно. (И) Самостоятельная работа с взаимопроверкой по образцу. Работа в тетрадях	Работают самостоятельно	ФО 10 б. ФО стикер 	ФО из сборника № 21 тетрадь

КОНЕЦ УРОКА 3-5 мин <i>Цель: осознание учащимися метода преодоления затруднений, и самооценка ими результатов своей деятельности.</i>	8. Подведение итогов. - Что нового вы узнали на сегодняшнем уроке? - Был ли вам урок интересен? - Получилось ли у вас применить свои знания при выполнении заданий? Вопросы и задания - Для чего нужны глобусы и карты? - Людям каких профессий необходима карта? - Нужна ли в обыденной жизни человеку карта? 9. Информация о домашнем задании, инструктаж по его выполнению. Д/З с. 97-101 читать, пересказывать. Предлагает оценить свою работу при помощи приёма «Олимпийские кольца»		ФО словесное поощрение	Олимпийские кольца
--	--	--	--	---------------------------





САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ҚЫС

Қарасаева Надежда Тулешовна

Облыстық арнайы мектеп-интернатының

Бастауыш сынып мұғалімі, жоғары санатты педагог - сарапшы

Бөлім	Туған жер табиғаты			
Пәні:	Айналамен танысу			
Күні:	20.02.2024			
Педагогтің аты-жөні:	Карасаева Н.Т.			
Сынып: 2-ест.сынып	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Қыс			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.1.2. оқу түрлерін (буындап оқу,тұтас оқу,мәнерлеп оқу,түсініп оқу) қолдану. 1.2.7.1. сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау.			
Сабақтың мақсаты	Жыл мезгілдеріне сәйкес ауа райы белгілерін біледі.Қыс мезгілі жайлы әңгімелей алады.Қыс мезгілінде киетін киімдерді атайды,ажыратады.Қар бетіндегі жануарлардың іздерін ажыратады.Қысқы ойын түрлерін біледі.Айту және есту қабілетін дамыту.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3мин	Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал орнату. «Шаттық шеңбері» Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң,Жер Ана! Қайырлы таң,Ұстаздар! Сәттілік болсын баршаңа! Сәттілік!	Оқушылар сабаққа назар аударады. Оқушылар шеңбер құрып тұрып , жеспен айтады.Сәттілік тілейді бәріне	ҚБ Бас бармақ	https://youtu.be/vXBNwXVRaes?si=hR9oxMi0dupQ-rkD
Сабақтың ортасы 10мин	Кезекші дыбыс: О-Ө дыбыстары О-Ө НО-НӨ БО-ПӨ ОТ-ӨТ СО-СӨ ОН-ӨН	Оқушылар хормен дактильмен буындарды оқиды		Слайд Кезекші дыбыс тақтада

	ТО-ТӨ ОС-ӨС Үй тапсырмасын тексеру «Қолшатыр» әдісі Күн «Жұмыртқа» әдісі бойынша тақырыпты ашу Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау Суреттер бойынша сұрақ-жауап алу Қыс мезгіліне толық мағлұмат беру Өз ойыңды суреттердің көмегімен айтады Іздермен іздейік	Суретін ілу Сұрақ-жауап алу -Бұл не? -Түсі қандай? -Күн бізге не береді? т.с.с Оқушылар жұмыртқаны өздері аршып сабақ тақырыбын тауып оқиды Жылдың төрт мезгілін айтады. Сұраққа-жауап береді Жапсырма арқылы әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтады Қар бетіндегі жануарларды іздерінен ажыратып, құрастыру	Дескриптор: -заттың не екенін ажыратады- 1б -түсін ажыратады- 1б Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Дескриптор: - жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтады- 1б -іздерді ажыратады,айтады- 1б	Оқулық 1-тапсырма Оқулық 29бет,1-тапсырма Видео-ролик А4 форматты қағазға шығарылған аңдар ізі
8 мин Сергіту сәті 2 минут 5 минут	Тақтамен жұмыс Дәптермен жұмыс Қар жауды Боран тұрды Қатты аяз Тоңдық Күн шықты Жылынды Керемет, Алақай! «Аққала» әдісі Аққала бөліктерінен аққала құрастыр ЕББҚ Тапсырманы орындауда қолдау көрсету Талқылау сұрақтары: Тапсырмадан не үйрендің?	Сөйлемдерді оқиды,жазады Оқушылар жестпен ,қимылмен орындайды Оқушылар аққала бөліктерін тауып тақтаға жапсырып жарысады	Дескриптор: Оқиды-1 б жазады-1б Жапсырады, жарысады	

	Кім жылдам?	Әр оқушыға жыл мезгілдеріне байланысты пазлдар беріледі		
Сабақтың соңы Рефлексия 7 мин	Бүгінгі сабақта не үйрендің? Сен үшін не қиын болды? Саған қандай тапсырма қызықты болды? Оқушы мұғалім қойған сұраққа жауап береді «Чемодан» әдісі (Бағалау) Бүгінгі сабақты толық түсіндім (9,10) Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар(7,8) Бүгінгі сабақты түсінбедім(5,6) Үйге тапсырма «Қыс қызықтары» деген тақырыпқа сурет сал.	Оқушы мұғалім қойған сұраққа жауап береді Бүгінгі сабақтан алған білімдерін сабақ бойына орындаған тапсырмасының нәтижесіне қарай анықтайды.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	



САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:
МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ «МЕН, МЕН, МЕН ЕДІМ» ӨЛЕҢІ

Мағзомова Тыныштық

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп интернаты» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Қысқа мерзімді жоспар

Бөлім:	«Тарихи шындық пен көркемдік шешім» бөлімі
Педагогтің аты-жөні:	Мағзомова Тыныштық
Сыныбы: 9 нашар көретін, көрмейтін қазақ	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Махамбет Өтемісұлы "Мен, мен, мен едім" өлеңі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: әдеби шығармадағы психологизмді анықтайды; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: әдеби шығармадағы психологизмді анықтайды ,автор бейнесінің идеялық-стилистикалық рөліне, шығармадағы негізгі ой мен шығарма тілінің ұштасуы бойынша шығармашылық талдау жасайды. Кейбір оқушылар орындай алады: әдеби шығармадағы психологизмді анықтайды, автор бейнесінің идеялық-стилистикалық рөліне сыни тұрғыда талдау жасай отырып, өзіндік көзқарасын білдіреді.



Бағалау критерилері	-әдеби шығармадағы психологизмді анықтайды; -автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды;
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.


Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту.	(Ұ)Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Сыныпта жағымды ахуал орнатып шаттық шеңберін құру	Мақсаты: Оқушылар бір-бірін кімге теңейтіндігін айтады, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа	Тиімділігі: Оқушылар бір-бірін қандай тұлғаға теңейтіндігін айту арқылы көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.	Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны
	«Мен сені теңеймін батырға» төңірегінде ой өрбіту	белсенділігі артады. Мысалы: Айбек мен сені Алпамыс батырға теңеймін. Себебі сен батырсың.		

